# АТА ЗАҢ - КӨШЕ АТЫ...




*Қаланың шынайы келбеті зәулім ғимараттарымен ғана емес, әр көшенің тыныс-тіршілігімен, тұрғындарының тұрмысымен де өлшенеді. Бір көшенің бойынан бүтін бір шағын ауданның әлеуметтік ахуалын, инфрақұрылымдық жағдайын, кәсіпкерлік белсенділігін және тұрғындардың ортақ мәселелерін аңғаруға болады. Алайда,біз сөз еткелі отырған мәселе көшедегі тіршілікпен қатар, сол көше атауына да байланысты болмақ. Себебі көше атауының өзі терең мағынаға ие.*

*Ата Заң – ел егемендігі, заң үстемдігі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сипаттайтын маңызды құжат. Сондықтан қаланың бір көшесіне осындай атаудың берілуі жай ғана мекенжайлық белгі емес, мемлекетке, ұлттық тарихқа деген құрметтің көрінісі болса керек.*

### АТА ЗАҢ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Қазақстанның конституциялық даму жолы тәуелсіздік жылдарындағы маңызды тарихи кезеңдермен сабақтас. 1993 жылғы 28 қаңтарда тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы қабылданды.Онда мемлекеттік егемендік, билік тармақтарының бөлінуі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары айқындалды. Бұл тәуелсіз мемлекеттің құқықтық негізін қалыптастырудағы алғашқы маңызды қадам еді.

Араға екі жыл салып, 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдум арқылы жаңа Конституция қабылданды. Ол 5 қыркүйекте күшіне еніп, елдің мемлекеттік құрылымы мен билік институттарының қызметін реттеді. Кейін Ата Заңға бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Ал 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда жаңа Ата Заң қабылданып, 1 шілдеден бастап заңды күшіне енді. Осылайша, еліміздің конституциялық дамуында жаңа кезең басталды. Жаңа құжатта мемлекеттік басқару жүйесін жаңарту, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілдіктерін нығайту және азаматтардың мемлекет ісіне қатысу мүмкіндіктерін кеңейту бағыттары қамтылды.

Конституцияның маңызы туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та бірнеше рет атап өтті. Президент күні кеше өткен Қауіпсіздік Кеңесінің шұғыл отырысында да Ата Заңды мемлекеттің негізгі заңы, әрі халықтың құқықтық төлқұжаты деп атап, оның ережелерін құрметтеу әр азаматтың міндеті екенін жеткізді. Ата Заңды менсінбеу мен келемеждеуге жол берілмейтінін айтып, заң талаптарының елдің бәріне бірдей қолданылуы қажеттігін еске салды.

### «АТА ЗАҢДАҒЫ» ТҰРҒЫНДАР ТЫНЫСЫ

Қызылорда – Сырдария жағасында орналасқан, тарихы терең, мәдениеті бай шаһар. Қаланың көшелеріне берілген атаулар да елдің өткені мен бүгінін байланыстырып, ұрпақ жадында тарихи ұғымдарды жаңғыртады.

Қаланың батыс бөлігіндегі Ә. Мақұлбеков көшесін қиып өтетін Республика, Ата Заң, Алтын Орда және Тәуелсіздік көшелері бар.

Ата Заң көшесінің тұрғындарымен барып тілдескенімізде көше атауына қатысты оң көзқарас білдірді. Олар атауды өзгерту жөнінде ұсыныс айтпайды. Алайда Ата Заң көшесінде тұратын азаматтардың бір бөлігі Ата Заңның қабылдану тарихы мен оның мазмұны туралы толық біле бермейтініне көз жеткіздік...

Ата Заң көшесінде 2001 жылдан бері тұратын тұрғын көшенің қазіргі жағдайына жалпы оң бағасын берді. Оның айтуынша бұл аумақ тыныш, таза, көршілер арасындағы қарым-қатынас та жақсы. Тазалық жұмыстары тұрақты жүргізіледі. Көше атауы өздеріне ұнайды.

Тұрғынның сөзінше, бұрын көшені жарықтандыру мәселесі өзекті болған. Қазір бұл бағытта жұмыстар қолға алынып, тұрғындардың пікірлері ескеріліп жатқаны қуантады. Дегенмен әлі де назар аударуды қажет ететін мәселелер бар. Атап айтқанда, аталған көшемен қиылысатын Журба көшесіне асфальт төселмеген. Тұрғындар көлік қозғалысы осы бағыттарға жиі түсетіндіктен, жол сапасын жақсарту қажеттігін жеткізуде.

4-бетте

Сарқылмасын Сыр - Ана!

Ақмешіт ақшамы

№46
(1853)
19 қараша
2026 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

*Үкімет пен әкім*

# ОТАНДЫҚ ӨНДІРУШІЛЕР «ХАЛЫҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫСҚА» ҚАТЫСАДЫ...

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында отандық өндірісті дамыту және қолдау мәселелері қаралды.

Өткен он айдың қорытындысы бойынша елімізде өндіріс көлемінің өсімі оң динамика көрсеткен. Алдағы «Халықтық құрылыс жылы» құрылыс материалдарын, жабдық пен бұйымдар өндірісін дамытуға қосымша серпін береді.

Үкімет отырысына селекторлық режим арқылы қатысқан Қызылорда облысы әкімі М.Ергешбаев Үкімет отырысынан кейінгі облыс әкімдігінің мәжілісінде өңірдің өндеу өнеркәсібінде осы жылдың 10 айында 10,7 пайыздық өсім қалыптасқанын айтып, жұмысты жүйелі ұйымдастыруды тапсырды.

**Үкімет басшысы О.БЕКТЕНОВ:**

**– "Халықтық құрылыс" бағдарламасын жүзеге асыру өнеркәсіп саласы үшін қосымша мүмкіндіктерге жол ашып, отандық өндірістің дамуына елеулі серпін береді. Президент бастамасын жүзеге асыруға Ұлттық қордан шамамен 6,5 трлн. теңге бағытталады. Бізде қалыптасқан өндірістік база бар. Бүгінде қазақстандық кәсіпорындар негізгі құрылыс материалдары бойынша ішкі қажеттіліктің орта есеппен 73%-ға жуығын қамтамасыз етіп отыр. Енді осы қуаттарды "Халықтық құрылыс" бағдарламасының жобаларына барынша жұмылдырып, материалдар мен жабдықтар өндірісін кеңейту қажет болатын бағыттарды алдын ала айқындап алу керек**.

3-бетте *(Үкімет жиынынан)*

# ТЕРЕЗЕДЕН АҚША ТЕККЕ ҰШПАЙДЫ...

***Өткен аптада«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры мен «Қазақстан темір жолы» басшыларының ұсталғаны туралы ресми ақпарат тарады. Айта кету керек, «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасыНұрлан Жақыпов қорды 2023 жылдан бері басқарса, «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ басқарма төрағасы Елжас Отыншиев2026 жылғы шілдеде яғни жақында ғана осы қызметке тағайындалған болатын. ҰҚК мәліметінше екеуіне де сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыс жасады деген күдік келтірілген. Бүгінде тергеу амалдары жүргізілуде.***

### МИЛЛИАРДТАҒАН ПАЙДА, ТРИЛЛИОНДЫҚ ҚАРЫЗ ЖӘНЕ БАСШЫЛЫҚ СЫЙАҚЫСЫ

Елжас Отыншиев басқарған «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ тиесілі қаржылық көрсеткіштеріне зер салсақ, соңғы жылдары табыста өсім бар. Сәйкесінше қарыз да аз емес.

2025 жылдың қорытындысында таза пайда 343,6 миллиард теңгеге жетсе, 2026 жылдың алғашқы жартысында бұл көрсеткіш тағы 191 миллиард теңгені құрады. Дегенмен кірістің артуымен қатар компанияның қарыздары да артып, 3,9 триллион теңгеге жеткен. Бұл аталған компанияға тиесілі жалғыз мәселе емес. Сонымен бірге басшылық құрамына төленетін сыйақы көлемі мен акционерге дивиденд аударылмауы да назар аударатын мәселелердің болып табылады.

Өткен жылдардың табысына шолу жасасақ, ресми ақпарат бойынша 2023 жылы компания 136,7 миллиард теңге таза пайда тапса, 2024 жылы оның көлемі 160,8 миллиард теңгеге жетті. Ал 2025 жылдың қорытындысында бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда екі еседен астам өсіп, 343,6 миллиард теңгені құраған. Жалпы өсімге ең алдымен жүк тасымалы тарифтерінің өзгеруі мен халықаралық транзит көлемінің ұлғаюы ықпал етіп, компанияның негізгі қызметінен түскен кірісі де айтарлықтай артқан. 2024 жылы 2,16 триллион теңге болған түсім 2025 жылы 2,75 триллион теңгеге дейін көтерілген.

Атап айтқанда, 2025 жылы жүк тасымалының тарифтері орта есеппен 28 пайызға қымбаттап, тасымалданған жүк көлемі 10,4 пайызға артты. Нәтижесінде жүк тасымалынан түскен кіріс 2,46 триллион теңгеге жетті. Ал Қазақстан аумағы арқылы шетелдік жүктерді өткізу компанияға 827,2 миллиард теңге табыс әкелді. Осылайша транзиттік тасымал ҚТЖ кірісінің маңызды бағыттарының біріне айналды.

Жүк тасымалы биылғы жылдың алғашқы алты айында 195,3 миллиард теңге пайда әкелген. Ал жолаушылар тасымалы бойынша есепте көрсетілген шығын 17,9 миллиард теңгеден 4,1 миллиард теңгеге дейін азайғанымен, валюта әсерін есептемегендегі нақты шығын 6,2 миллиард теңгеден 14,7 миллиард теңгеге дейін өскен. Бұл бағытқа мемлекет тарапынан жарты жыл ішінде 25,8 миллиард теңге қаржылай қолдау көрсетілген.

Алайда компанияның барлық қызметі бірдей пайда әкелмеген сынайлы. Мәселен, жолаушылар тасымалымен айналысатын құрылым 2025 жылы билет сатудан 129 миллиард теңге кіріс алғанымен, жыл қорытындысында шамамен 29 миллиард теңге шығынға ұшыраған. Алайда, мемлекет бюджет есебінен қолдауды жалғастырған. 2024 жылы 41,1 миллиард теңге, ал 2025 жылы 46,1 миллиард теңге субсидия бөлінген.

### ТАБЫСПЕН БІРГЕ ҚАРЫЗ, ҚАРЫЗБЕН БІРГЕ ПРЕМИЯ ДА ҰЛҒАЙҒАН

Жоғарыда атап өткендей компанияға тиесілі табыспен қарыз да теңдей артып келеді. Соңғы үш жарым жылда ҚТЖ-ның қарызы шамамен екі есеге жуық көбейген.2023 жылы 2,1 триллион теңге болған міндеттемелер 2026 жылғы маусымның соңында 3,901 триллион теңгеге жетті. Оның ішінде тек 2026 жылдың алғашқы алты айында қарыз көлемі 715 миллиард теңгеге яғни 22,4 пайызға артқан.

Ал ақпан айында «Самұрық-Қазына» қорына шамамен 159,4 миллиард теңгеге және маусым айының соңындағы жағдай бойынша ұлттық компанияның «Самұрық-Қазына» қорынан алған қарызы 1,214 триллион теңгені құраған. Оның 285,7 миллиард теңгесін алдағы бір жыл ішінде қайтару қажет. Жалпы несиелік міндеттемелер бойынша да келесі 12 айда төленуі тиіс сома 562 миллиардқа жеткен.

Алайда, қарызға батса да, компания басшылығына төленетін сыйақы көлемі азайған не тоқтамаған көрінеді. Тіпті, премияның көлемі артқан. Ресми мәлімет бойынша, компанияның басқарма және директорлар кеңесінің мүшелерін қамтитын негізгі басшылық құрамына есептелген жалпы төлемдер 2024 жылы 816 миллион теңге болса, 2025 жылы 1,036 миллиард теңгеге жеткен. Осылайша бір жыл ішіндегі көрсеткіш 27 пайызға артқан. Ал 2026 жылдың алғашқы алты айында есептелген қаржы көлемі 564 миллион теңгені құраған. Бұл қаржыға басшылардың қолға алатын жалақысы ғана емес, оның құрамына салықтар, зейнетақы және әлеуметтік аударымдар, еңбек демалысына арналған төлемдер мен өзге де шығындар кіреді.

### «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» НЕГЕ ДИВИДЕНД АЛМАДЫ?

Қызығы, «Самұрық-Қазына» қоры ҚТЖ-дан дивиденд алудың орнына, оған қаржылай қолдау көрсетіп келеді. 2025 жылы қор тарапынан компанияға 28,8 миллиард теңге қосымша қаражат берілген. 2025 жылғы 2 мамырдағы акционердің шешімімен 2024 жылғы жеке қаржылық есепте көрсетілген 157,8 миллиард теңге таза пайданы компанияның өзінде қалдыру туралы шешім қабылданған. 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығына арналған есепте де қорға дивиденд төленгені көрсетілмеген.

Негізі «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының жалғыз акционері – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры. Соған қарамастан ҚТЖ соңғы жылдары тапқан таза пайдасынан акционерге тиесілі қаржыны аудармаған. Оған негізгі себеп ретінде ірі инфрақұрылымдық жобалар мен қарыз міндеттемелерінің көлемін айғақтайды. ҚТЖ-ның инвестициялық жоспарындағы жобалардың жалпы құны 4,68 триллион теңгеге бағаланған. Сондықтан таза пайданы акционерге бөлуден гөрі, оны басқа да ауқымды қажеттіліктерге бағыттаған.

4-бетте

**Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Сәбит ИБАДУЛЛАЕВ:**

# ТАЛАНТТЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ БОЛМАЙДЫ

Бүгінде жасанды интеллект пен цифрландыру өміріміздің барлық саласына тың серпін беруде. Жаңа технологияның басты құндылығы оның күрделігінде емес, адам өмірін жеңілдетіп, қоғам игілігіне қызмет етуінде. Осы бағытта жыл сайын Қызылорда облысы әкімі қолдауымен өтетін **ИННОФЕСТ фестивалі** өз үлесін қосуда.

Бүгін сіздерге Қызылорда облысында дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан INNOFEST QYZYLORDA инновациялық жобалар фестивалінің биылғы ерекшеліктері туралы ақпарат бергім келеді. Ең алдымен, INNOFEST – жай ғана жастар арасындағы байқау емес. Бұл – өніріміздегі IT саласын дамытуға, жас таланттарды анықтауға, жаңа технологияларды меңгеруге және инновациялық идеяларды нақты жобаларға айналдыруға бағытталған маңызды алаң.

Фестивальдің тарихына тоқталсақ, бұл бастама бірнеше жылдан бері жүйелі түрде өткізіліп келеді. Мәселен, ең алғашқы фестивальге 500-ге жуық жас қатысса, жыл сайын қатысушылар саны артып, осы күнге дейін **5 мыңға жуық** жастар қатысқан. Бұл көрсеткіштер өңірімізде IT мен инновацияға қызығушылық танытатын жастардың әлеуеті жоғары екенін көрсетеді.

Биылғы INNOFEST QYZYLORDA 2026 фестивалі 4–5 желтоқсан күндері Қызылорда қаласындағы Өнер орталығында өтеді. Биыл фестивальдің ауқымы кеңейіп, республикалық деңгейде ұйымдастырылады. Ең басты ерекшелігі – жасанды интеллект технологияларына басымдық беріледі. Қатысушылар үш негізгі бағыт бойынша бақ сынайды.

**Біріншісі – AI Software.** Бұл бағытта жасанды интеллект негізіндегі бағдарламалар, мобильді қосымшалар және цифрлық шешімдер әзірленеді.

4-бетте

**Қызылорда облысы бойынша Полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының бастығы М.МАНАТОВ:**

# ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫ АЗАЙДЫ

Облыс аумағында жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік құқық бұзушылық деректірін автоматты түрде тіркейтін жол қозғалысын бақылауға арналған заманауи кешендер жеткілікті деңгейде пайдаланылуда.

Атап айтқанда құқық бұзушылықтарды автоматты түрде анықтайтын 218 құрылғылар жұмыс атқаруда.

Олардың ішінде 25 мобильді кешендер, 167 стационарлы автоматты тіркеу жүйесі, 20 жол учаскесінде 80 интеллектуалды қиылыс құрылғылары әкімшілік құқық бұзушылық деректерін анықтауда.

Аталған құрылғылармен 2026 жылдың 10 айында барлығы 154 мың 288 құқық бұзушылықтар анықталды.

Жол қозғалысын бақылау бойынша жол-көлік оқиғалары жиі орын алатын және жаяу жүргіншілердің немесе жол жүрісінің өзгеде қатысушыларына басымдық бермейтін 25 жол учаскесіне 25 «SUNQAR» кешені сатып алынып, пайдалануға берілді. Оның 20-сына «Ақылды жаяу жүргіншілер өткелі» функциясы қосылған. Бұдан бөлек облыста жасанды интеллект мүмкіндіктері бар 915 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді.

25 «SUNQAR» құрылғысымен 68 мың 114 құқық бұзушылықтар анықталды.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тапсырмасына сәйкес жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау және әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау мақсатында жедел жәрдем және қоғамдық көлік құралдарына автоматтандырылған тіркеу функциясы бар 2 мобильді кешендер орнатылып, пайдаланылуда.

Жалпы мобильді кешендермен 8 мың 749 құқық бұзушылықтар анықталды.

Сонымен қатар қараша айының 9-нан бастап KAZ 06 «Қарабұтақ-Шымкент-Қызылорда» халықаралық республикалық маңызы бар автомобиль жолының Қызылорда қаласымен - Арал ауданы аралығында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында орнатылған 6 «ZEREK-2» аппараттық-бағдарламалық кешендерінің көлік құралдарының орташа жылдамдықты бақылау жүйесі ресми іске қосылып, облыс аумағында республикалық маңызы бар автомобиль жол бойында орнатылған барлық 9 «ZEREK-2» кешендері орташа жылдамдықты бақылау жүйесімен толық пайдаланылуда.

«ZEREK-2» кешендері арқылы, 15 мың 752 құқық бұзушылықтар анықталды.

Ағымдағы жылдың 10 айында жол-көлік оқиғаларының орын алуы 1,6 пайызға төмендеген.

*Сұрағым бар...*

# АЛАЯҚТАРДАН ҚАЛАЙ САҚТАНУҒА БОЛАДЫ?

### АЛАЯҚТАР ҚАНДАЙ НЕГІЗГІ АЙЛА-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУЫ МҮМКІН?

**«Қайта есептеу», «жарналардың түспеуі», «сізге тиесілі төлем» және электрондық кезекті брондау туралы қоңыраулар мен хабарламалар.** Алаяқтар өздерін БЖЗҚ қызметкерлері ретінде таныстырып, телефон соғады немесе мессенджерлер арқылы хабарлама жібереді. Олар салымшының шотына зейнетақы жарналары түспей жатқанын немесе, керісінше, азаматқа жаңа зейнетақы төлемі не қосымша үстемеақы тағайындалғанын, қайта есептеу жүргізілгенін айтып сендіруге тырысады. Жарналардың аударылмау себептерін анықтау немесе төлемді рәсімдеу сылтауымен жалған қызметкерлер жеке деректеріңізбен бөлісіп, бөлімшелерге электрондық кезек брондау үшін SMS-хабарлама арқылы келген кодты айтуды сұрайды.

**Шоттардың бұғатталғаны туралы жалған ақпарат.** Алаяқтар компаниялардың қызметкерлеріне немесе бухгалтерлеріне хабарласып, зейнетақы шотының бұғатталғанын (мысалы, транзиттік шоттарға тыйым салынуына байланысты) мәлімдеуі мүмкін. Содан кейін жәбірленушіні «сот орындаушыларына» бағыттап, жоқ шектеулерді алып тастау үшін айыппұл ретінде ақша аударуды талап етеді.

**Зейнетақы жинақтарын сыйақы үшін қолма-қол ақшаға айналдыру туралы ұсыныстар.** Делдалдар тұрғын үй жағдайын жақсарту немесе емделу мақсатында, сондай-ақ жинақтарды инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) аудару желеуімен зейнетақы жинақтарының бір бөлігін шығарып беруді ұсынады. Бұл ретте олар көрсететін қызметтері үшін алдын ала төлем жасауды және/немесе банк шотының деректемелерін беруді сұрауы мүмкін.

**Жасанды интеллект технологияларын пайдалану.** Алаяқтар жасанды интеллект технологияларын да қолданады. Мысалы, жалған сайттар жасайды, адамның дауысын қолдан жасап, жалған аудио және бейнематериалдар әзірлейді.

### ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР МЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН АЛАЯҚТАРДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?

БЖЗҚ қызметкерлері ешқашан телефон арқылы жеке деректерді сұрамайтынын, SMS-кодтарды немесе парольдерді айтуды, сондай-ақ қандай да бір шотқа ақша аударуды талап етпейтінін есте ұстаған жөн.

Зейнетақы жинақтарын тек заңнамада көзделген жағдайларда ғана алуға болады. Бұл ретте ешқандай делдалдың көмегіне жүгінудің қажеті жоқ.

Кез келген ақпаратты тек БЖЗҚ-ның enpf.kz ресми сайты немесе Қордың ресми байланыс арналары арқылы тексеру қажет. Алаяқтық белгілері байқалған жағдайда әңгімені дереу тоқтатып, полицияға хабарласқан жөн.

Сондай-ақ Қор қызметкерлері зейнетақы жинақтарын аударуға, инвестициялауға, қандай да бір акциялар мен қаржы құралдарын сатып алуға шақыратын түрлі бейнероликтерге қатыспайтынын ескерген жөн.

### БЖЗҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКЕНІ ҮШІН АҚЫ АЛА МА?

БЖЗҚ ескертеді:

- Зейнетақы төлемдерін рәсімдеу делдалсыз және комиссиясыз жүзеге асырылады.
- Қор қызмет көрсеткені үшін ақы алмайды, барлық төлемдер заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ИПБ-ҒА АУДАРУ, ТҮРЛІ ОБЛИГАЦИЯЛАР МЕН АКЦИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАУ, ҚАРЖЫЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУ НЕМЕСЕ ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІНЕН АСАТЫН СОМАНЫ ШЕШІП АЛУ БОЙЫНША ДЕЛДАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУЛАРҒА СЕНУГЕ БОЛА МА?

Зейнетақы активтерін әдепкі тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі инвестициялық басқаруға алады. Ол зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқарушы ретінде Инвестициялық декларацияға сәйкес түрлі қаржы құралдарына инвестициялайды.

Ұлттық Банктен бөлек салымшының таңдауы бойынша зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) да басқара алады. Зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға аударуды салымшы тек өз қалауымен жүзеге асыра алады. Ол үшін enpf.kz сайтындағы жеке кабинетке немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасына электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдаланып кіруге не БЖЗҚ бөлімшесіне жүгінуге болады.

Зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайын жақсарту және емделу мақсатында пайдалану тек уәкілетті операторлар (екінші деңгейдегі банктер) арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан бұл үшін де делдалдардың көмегіне жүгінудің қажеті жоқ.

### ДЕЛДАЛДАР «ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫНА БАЛАЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУГЕ НЕМЕСЕ ОСЫ БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДАҒЫ НЫСАНАЛЫ ЖИНАҚТАРДЫ АЛУ БОЙЫНША КӨМЕКТЕРІН ҰСЫНАДЫ. ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖҮГІНГЕН ДҰРЫС ПА, БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУ ҮШІН АҚЫ ТӨЛЕУ ҚАЖЕТ ПЕ?

Балаларға нысаналы талаптарды есептеу үшін олар туралы мәліметтерді мемлекеттік дерекқорға енгізу ақылы емес. Бұл мәселеде делдалдардың көмегіне жүгінудің мүлде қажеті жоқ. Ата-аналар немесе баланың заңды өкілдері балалар туралы мәліметтердің барлығын, сондай-ақ тегі, аты, әкесінің аты, ЖСН-і мен туған күні туралы деректердің дұрыстығын өз бетінше тексере алады. Егер мәліметтер жоқ болса немесе қателер анықталса, ата-аналар цифрлық құжаттарын жаңартуы, мемлекеттік дерекқорлардағы мәліметтердің дұрыстығын тексеруі немесе тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) жүгінуі қажет.

Сондай-ақ, 18 жасқа толған азаматтарға нысаналы жинақтарын алу үшін делдалдардың көмегі қажет емес. Олар білім алуға ақы төлеу немесе тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында уәкілетті оператор банктер арқылы өтінімді өз бетінше бере алады.

Нысаналы жинақтарды алу рәсімі тегін. Бұл үшін делдалдардың қызметіне жүгінудің қажеті жоқ.

# ҚАЛАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ СПОРТТЫҚ ЖАБДЫҚТАРДЫ ҚАЛАЙ ТАСЫМАЛДАУҒА БОЛАДЫ?

Қазақстан Республикасының қалалық қоғамдық көлігінде (автобустар, троллейбустар, трамвайлар және метро) спорттық жабдықтарды тасымалдаудың негізгі қағидалары тегін қол жүгіретінде алып жүруге рұқсат етілген заттардың нормаларымен және тасымалдаушылардың ішкі регламенттерімен реттеледі.

**Салондағы жүк тасымалдау нормалары (қол жүгі):**

**Өлшемдері мен салмағы:**

Қалалық қоғамдық көліктің салонында өлшемдері 60×40×20 см-ден, ал салмағы 20 кг-нан аспайтын қол жүгін тегін тасымалдауға рұқсат етіледі (автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес).

**Қауіпсіздік:**

Спорттық жабдықтар басқа жолаушыларға кедергі келтірмейтіндей, киіммен немесе спорттық құрал-жабдықтармен салонды ластамайтындай және жарақат алу қаупін тудырмайтындай етіп қапталып, орналастырылуы тиіс.

**Шағын спорттық жабдықтар:**

(сөмкедегі доптар, шағын ракеткалар, қаптағы роликтер, белгіленген өлшемдер шегіндегі фитнес жабдықтары) тегін тасымалданады.

**Ірі габаритті спорттық жабдықтарды тасымалдау (шаңғылар, сноубордтар, велосипедтер):**

**• Шаңғылар мен сноубордтар:**

Қыс мезгілінде немесе жаттығуға бару кезінде габаритті спорттық жабдықтарды арнайы қаптарда тасымалдауға рұқсат етіледі. Бұл ретте олар өту жолдары мен есіктерді бөгемеуі тиіс.

**• Велосипедтер мен электрсамокаттар:**

Қазақстан Республикасының қалалық автобустарының салонында велосипедтерді тасымалдауға тікелей тыйым салынбаған. Алайда оларды тасымалдау салонның толуына байланысты. Велосипед жолаушылардың өтуіне кедергі келтірмеуі тиіс.

**• Спорттық қару-жарақ:**

Егер спорттық атуға арналған қару-жарақ (мылтықтар, тапаншалар) тасымалданатын болса, оны тасымалдау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қару айналымы туралы бұйрығымен қатаң реттеледі. Қару арнайы қапта, кобурада немесе футлярда, оқталмаған күйде, оқ-дәрілерден бөлек тасымалдануы және тиісті рұқсат құжаттары болуы тиіс.

**Практикалық ұсынымдар**

1. Шаңғыларды, сноубордтар мен велосипедтерді тасымалдау кезінде әрдайым арнайы қаптарды пайдаланыңыз.

2. Көлемді спорттық жабдықтармен қарбалас уақытта қоғамдық көлікке мінуден аулақ болыңыз.

**Г.КЕНБАЕВА**

# ТАРАПТАР ДАУ БОЙЫНША КЕЛІСІМГЕ КЕЛДІ

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына талап қоюшы «І» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер «К» акционерлік қоғамынан қарыз сомасы 10 млн. теңге көлемінде қарыз ақшаны, тұрақсыздық айыппұл сомасын және сот шығынын өндіру туралы талап қоюымен жүгінген.

Тараптарға дауды татуласу рәсімдерімен, оның ішінде сотқа дейінгі хаттаманы толтыру жөніндегі құқықтары түсіндірілген.

Нәтижесінде, тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге келген.

Азаматтық іс бойынша дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім бекітіліп, төленген мемлекеттік баж талап қоюшыға қайтарылып, азаматтық іс жүргізу өндірістен тоқтатылған.

**Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты**

# СОТТАРҒА ПРАКТИКАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті соттардың қызметін зерделеу және практикалық көмек көрсету жұмыстарын жүргізіп келеді.

Жыл басынан бері мамандандырылған экономикалық, қылмыстық және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттардың қызметіне талдау жүргізілді.

Өз кезегінде Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соттың қызметіне де талдау жүргізіліп, оның нәтижелері сот ұжымы қатысқан кеңесте қаралды.

Кеңеске Департамент басшысы М.Асанова, басшы орынбасары Е.Бөрібаев, бөлім басшылары, әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің басшысы мен мамандары қатысты.

Департамент басшысы өз сөзінде жүргізілген зерделеу жұмыстарының маңыздылығына тоқталып, сот қызметін ұйымдастыру сапасын арттыру қажеттігін атап өтті.

Кеңес отырысында аталған соттың қызметін ұйымдастыру, заң талаптарының сақталуы, азаматтардың өтініштерін қарау, архив жұмысын жүргізу, мемлекеттік тілді қолдану, сот істерін автоматтандырылған бөлу қағидаларының сақталуы, ақпараттық жүйелерді пайдалану, статистикалық есептілік, сот актілерін орындауға жолдау және сот отырыстарының аудио-бейнежазбалары бағыттары бойынша жүргізілген талдау нәтижелері баяндалды.

Кеңес қорытындысы бойынша тиісті түсіндірмелер беріліп, жұмысты жетілдіруге бағытталған әдістемелік ұсынымдар айтылды.

**Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі**

# СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ

«Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының ұйымдастыруымен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттерімен кездесу өткізілді.

Іс-шараға Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы А.Аблаева және сот әкімшісінің басшысы Д. Камзаев қатысты.

Кездесу барысында заң талаптарын қатаң сақтау мәселелері айтылып, қоғамдық орындарды ластау әрекеттері үшін көзделген әкімшілік жауаптылық түсіндіріліп, осы тақырыпта бейнематериалдар көрсетілді.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі тікелей эфирлер мен жарияланымдарда балағат сөздер мен әдепсіз сөздерді қолдану да әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғуы мүмкін екендігі атап өтілді.

Іс-шара соңында студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, заң талаптарына сәйкес түсіндірмелер беріліп, тиісті жауаптар ұсынылды.

**Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты**

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ОҚУШЫ БІЛІМІНЕ ӘСЕРІ

Технология мен инновация кеңінен дамып жатқан уақытта ғылым мен техниканың жетістіктері қоғам өміріне үлкен өзгерістер әкелуде. Уақыт талабына сай білім беру саласы да жаңарып, оқыту әдістері жаңа технологиялармен толықтырылып жатыр. Бүгінде оқушылар ақпаратты тек оқулықтан алмай, жасанды интеллекттіні де білім құралына айналдырды. Жасанды интеллекттің білім беру саласында кеңінен қолданыла бастауы оқушылар үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Аталған технологиялық құрал қажетті ақпаратты сұрыптап, оны жүйелі әрі түсінікті түрде ұсынып, оқу тапсырмасын орындауға, күрделі тақырыптарды меңгеруге және уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Жасанды интеллектке деген сұраныс жылдан-жылға артып келеді. Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының жүргізген ауқымды әлеуметтік сауалнамасына сәйкес қазақстандықтардың 51,1%-ы күнделікті өмірде және оқуда жасанды интеллект құралдарын тұрақты пайдаланатыны анықталған. Зерттеуде бұл технологиялық құралды қолдану деңгейі жас ерекшеліктеріне қарай өзгешеленеді. Атап айтқанда жасанды интеллекттіні ең белсенді пайдаланушылар қатарында жастар көш бастап тұр.

Қазіргі цифрлық дәуірде жасанды интеллект білім беру саласына үлкен ықпал етуде. Бұл технологиялық құрал оқытудың мазмұны мен тәсілдерін өзгерте отырып, білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді. Оның көмегімен жеке оқыту жолдары жасалып, әр оқушының білім деңгейіне сай оқыту бағдарламалары әзірленеді.

Жасанды интеллекттің артықшылығы – ол жеке оқытуға жол ашады. Әр оқушының қабылдау деңгейі әртүрлі. Кейбірі тез түсінеді, кейбіріне көбірек мысал керек. Интеллектуалды жүйелер оқушының деңгейіне қарай түсіндіріп, қосымша жаттығу ұсына алады. Бұл дербес ізденісті дамытуға көмектеседі.

Тағы бір артықшылық – жасанды интеллекттің бағалау процесі. Цифрлық көмекші оқушылардың жұмыстары мен тапсырмаларын тез әрі сауатты бағалауға, жіберілген қателерді анықтап, оларды түзету бойынша ұсыныстар беруге қабілетті. Сонымен қатар инновациялық технология уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Қажетті ақпаратты іздеу, оны жинақтау, салыстыру және жүйелеу жұмыстарын жеңілдетіп, оқушының уақытын үнемдейді. Жасанды интеллект ақпаратты меңгеруді жеңілдетеді. Технологиялық құрал күрделі тақырыптарды қарапайым тілмен түсіндіріп, көлемді ақпаратты сұрыптап, негізгі мазмұнын жүйелі түрде жеткізуге көмектеседі.

Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы мүмкіндіктері кең. Дегенмен оның кемшіліктері мен кері әсерлерін де ескерусіз қалдыруға болмайды. Оқушылардың бұл технологияға шамадан тыс тәуелді болуы, дайын ақпарат пен жауаптарды үнемі қолдануы оқушылардың өз бетінше ізденуіне, ой қорытуына кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар тапсырмаларды жасанды интеллекттің көмегімен орындауға дағдылану білімді терең меңгеруге емес, тек дайын нәтижеге қол жеткізуге бейімдейді. Тағы бір маңызды кемшілік -жасанды интеллект ұсынатын ақпараттың әрдайым дұрыс әрі шынайы болмауы. Кейде интеллектуалды жүйелер қате мәліметтерді беріп, оқушыны жаңылыстыруы мүмкін. Жасанды интеллект берген дайын жауапқа үйрену адамның сыни ойлау қабілетін төмендетеді.Технологиялық құрал берген жауап әрдайым мінсіз бола бермейді.

Жасанды интеллекттіні шамадан тыс пайдалану салдарынан туындайтын тағы бір өзекті мәселе – оған деген тәуелділіктің қалыптасуы. Оқушы белгілі бір тапсырманы орындау барысында осы технологияның көмегіне жүгіне берсе, уақыт өте келе өз бетінше ойлану, іздену дағдыларын қолдануы қиындап кетуі ықтимал. Нәтижесінде қарапайым сұрақтардың жауабын табуда да жасанды интеллектке сүйеніп, жеке қабілеттерін дамытуға жеткілікті көңіл бөлмеуі мүмкін.

Лондон университеттік колледжінің профессоры, ЮНЕСКО-ның жасанды интеллект этикасы және білім беру жөніндегі кафедрасының өкілі Уэйн Холмс жасанды интеллекттің білім беру саласындағы әлеуетіне ерекше назар аударады. Оның пікірінше, бұл технология оқыту үдерісін әр оқушының жеке қажеттілігіне бейімдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үшін білім алушылар оның ұсынған ақпаратын сыни тұрғыдан бағалап, өз бетінше ойлау қабілетін сақтауы қажет. Оның пайымдауынша тапсырмаларды жасанды интеллекттің көмегімен орындау оқушының сол тақырыпты шынымен түсініп, меңгергенін білдірмейді. Сондықтан интеллектуалды жүйені білім алудағы көмекші құрал ретінде пайдаланған жөн.

Жасанды интеллект – бұл білім алудағы көмекші құрал. Цифрлық технологияның артықшылықтары да, кемшіліктері де бар. Дегенмен, оның адам өміріне тигізетін әсері көбіне қалай пайдаланатынымызға байланысты. Егер оқушы жасанды интеллектті тек дайын жауап алу үшін қолданса бұл ізденіске кедергі келтіреді. Ал егер оны түсінбеген тақырыпты ашу, қосымша мәлімет табу үшін қолданса — керісінше, ізденісті күшейтеді. Сондықтан жасанды интеллекттіні тиімді пайдаланып, мүмкіндіктерін дұрыс бағытта қолдана білу маңызды.

**Асылбек Гүлім**
**Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің оқушысы**

**МЕНШІК ИЕСІ:**

**«Желтоқсан и К» ЖШС**

**Бас редактор**
Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

**Бас редактордың орынбасары**
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

**Редакцияның мекен-жайы:**

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

**Телефон:** 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп
№14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі
№1026-Г - 11.01.2000 ж.
Газет аптасына бір рет жарық көреді

**ТАРАЛЫМЫ:** 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
**Мекен-жайы:** Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
**Таралу аумағы:**
Қазақстан Республикасы
**Тапсырыс**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

*Үкімет пен әкім*

# ОТАНДЫҚ ӨНДІРУШІЛЕР «ХАЛЫҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫСҚА» ҚАТЫСАДЫ...

«Өңдеу өнеркәсібі – облыс экономикасының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында жекелеген салаға немесе бір кәсіпорынға тәуелді болмай, негізгі өндірістердің айналасында толыққанды біртұтас жүйе құрудың маңыздылығын атап өткен болатын.

Сондықтан өңір экономикасын әртараптандыру, өндірістік әлеуетті арттыру және отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсетуіміз қажет. Қала және аудан әкімдіктері, жоспарланған инвестициялық жобалардың мерзімінде, яғни жыл соңына дейін іске қосылуын қамтамасыз етіңіздер.

Бюджеттік бағдарлама әкімшілері, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы сатып алулар кезінде қолданыстағы заңнама талаптарын қатаң сақтаңыздар.

Бұдан бөлек, отандық тауар өндірушілердің, әсіресе жергілікті кәсіпорындардың сатып алуға қатысу мүмкіндіктерін кеңейту керек. Сатып алу кезінде отандық өнімдерге, оның ішінде өңіріміздің шығатын өнімдерге басымдық берілуі тиіс», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

**Өнеркәсіп және құрылыс министрі Е.НАҒАСПАЕВ:**

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында елімізде отандық өндірісті дамыту, жаңа кәсіпорындар ашу және өнеркәсіптің мүмкіндігін арттыру бойынша нақты міндет қойды. Осы орайда өнеркәсіп саласындағы тұрақты өсімді сақтап, өндіріс көлемін одан әрі арттыру маңызды. Он айдың қорытындысы бойынша өндіріс көлемі 9,3%-ға өсіп, оң динамика көрсетті. Салаға серпін беретін маңызды бағыттардың бірі – жалпы инвестиция көлемі 1,7 трлн. теңгеден асатын 200 жаңа жобаны іске қосу. Оларды жүзеге асыру нәтижесінде 17 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Оның ішінде 5,5 мың жұмыс орны ауылдық жерлерде құрылады. Жобалар толық қуатына шыққан жағдайда, жыл сайын шамамен 1,5 трлн. теңгенің өнімі өндіріліп, 500 млрд. теңгесі экспортқа бағытталады.

*(Үкімет жиынынан)*

Мемлекет басшысының Жолдауында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, бизнесті қолдау және оның экономикалық белсенділігін арттыру міндеті нақтыланған. Өңірде бірнеше қаржы институты жұмыс істейді. Облыс әкімі кәсіпкерлердің ұсыныстары мен бастамаларына қолдау көрсетуді тапсырды.

Жиында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының баға тұрақтылығына қатысты мәселе де талқыланды. Қазіргі уақытта тұрақтандыру қорының өнімдері облыс аумағындағы 36 әлеуметтік дүкен мен 5 ірі сауда үйінің әлеуметтік бұрыштары арқылы сатылуда.

Қала және аудан әкімдері тұрақтандыру қорындағы азық-түлік құнының белгіленген бағадан ауытқымауын бақылауы тиіс. Облыс және аудан орталықтарында ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін ұйымдастыру да баға тұрақтылығына оң әсерін тигізеді.

# БІРДІҢ ЕМЕС, КӨПТІҢ МӘСЕЛЕСІ...

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев Арал ауданына жұмыс сапары аясында жұртшылықпен кездесіп, құқық қорғау органдары басшыларымен бірге тұрғындарды жеке қабылдады. Қабылдауға 50-ге жуық азамат келіп, өтініш-тілектерін жеткізді. Тұрғындар көтерген мәселелер негізінен баспана алуға, денсаулық, білім салаларына, жол жөндеу, елді мекендерді газдандыруға, тағы да басқа мәселелерге қатысты болды.

Ұсыныс-пікірлерді тыңдаған аймақ басшысы жауапты тұлғаларға тиісті тапсырмалар берді. Көтерілген барлық мәселені шешу жолдары жан-жақты зерттеледі. Мәселен Сексеуіл кентінің тұрғыны 37 шақырым «Самара–Шымкент–Сексеуіл» аудандық маңызы бар автомобиль жолының қазіргі жағдайын айтты. Бұл жол «Арал–Каспий» магистралінің құрылысына байланысты «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ теңгеріміне берілген. Алдағы уақытта магистраль құрылысы аясында учаскені қайта жаңғырту және жаңадан асфальт төсеу көзделген.



Жеке кәсіпкер Әлия Хамидоллақызы «Шанхай» шағын ауданынан емхана, № 13 мектепке жаңа ғимарат салу мәселелерін көтерді.

Арал қаласында бір ауысымда 250 адамды қабылдайтын емхана жобасы әзірленген. Қазіргі уақытта тиісті министрлікке бюджеттік өтінім жолданып, шешімі күтілуде.

1930 жылы салынған Т.Г.Шевченко атындағы №13 орта мектеп орнына 450 орындық жаңа ғимарат салу жобасы да дайындалған. Қолданыстағы екі қабатты ғимараттың оқу кабинеттері, кітапханасы, акт және спорт залдары талапқа сай келмейді. Осыған орай Арал қаласы Қарасақал Ерімбет көшесі №15 мекенжайында жаңа мектеп салу және ескі ғимаратты бұзу жобасы әзірленді.

* * *

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев Қазалы ауданына жұмыс сапары кезінде халықпен кездесіп, құқық қорғау органдары басшыларымен бірге тұрғындарды жеке қабылдады. Қабылдауға келген 60-тан астам азамат ұсыныс-тілектерін білдірді.

Аймақ басшысы қазалылықтар көтерген мәселелерге қатысты жауапты тұлғаларға тиісті тапсырмалар берді. Барлық мәселе жан-жақты зерттеліп, заң аясында шешім шығарылады.

Тұрғындар негізінен электр желілерін қайта жаңғырту, жол салу, жылу жүйесін кеңейту, тұрғын үймен қамтамасыз ету, асфальт төсеуге қатысты сауалдарын қойды.

***Тұрғындар құқық қорғау органдары басшыларының да қабылдауында болып, өздерін толғандырған мәселелердің заң шеңберінде шешім табу жолдары туралы кеңес алды. Құқық қорғау органдарының басшылары қабылдауға келген тұрғындарға көтерілген мәселелердің заңдық негізін жан-жақты түсіндірді.***

Атап айтсақ Өркендеу ауылының тұрғыны Өркендеу, Бірлік, Қожабақы және Аранды ауылдарын газдандыру жайын сұрады. Қазір Қазалы ауданының оңтүстік бөлігіндегі газдандыруды қажет ететін 9 елді мекенде 6 849 адам тұрады, 1 319 тұрғын үй, 45 әлеуметтік нысан мен 323 кәсіпкерлік субъектісі бар.

«Қызылорда облысы Қазалы ауданының Жанкент, Бірлік, Қожабақы, Аранды елді мекендеріне жеткізуші газ құбырын салу» жобасы әзірленген. Жобаны жүзеге асыруға 4 млрд. 558,155 млн. теңге жоспарланған, алдағы 2027 жылға 1 млрд. 769,652 млн. теңге көлемінде қаржы бөлу мақұлданды. Құрылыс жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіледі. Алдымен ауылдарға жеткізуші газ құбыры тартылып, одан кейін ішкі газ желілері салынады.

Әйтеке би кентінің тұрғыны жаңадан Оқушылар үйін салу мәселесін қозғады. Оқушылар үйін кент орталығындағы №249 мектептің бос жатқан жер учаскесіне салу жоспарлануда. Бұл құрылыс облыс бойынша жоба- сметалық құжаттамаларды әзірлеудің тиімділігін қарау жөніндегі кеңесте қолдау тапты. Жоба-сметалық құжаттама демеушілік қаражат есебінен әзірленіп, оң сараптама қорытындысы алынған.

# МАҢДАЙ ТЕРМЕН ТАПҚАН ТАБЫС УАҚЫТЫЛЫ ТӨЛЕНУІ ҚАЖЕТ

**Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте өндірістік ұжымдардағы әлеуметтік тұрақтылық және еңбек қауіпсіздігі мәселелері талқыланды.**

Жиынға мұнай-газ, құрылыс компанияларының, ірі кәсіпорындар мен шаруашылықтардың басшылары қатысты.

Күн тәртібінде өндіріс орындарындағы еңбек жағдайын жақсарту, жұмысшылардың құқықтарын қорғау, жалақыны уақытылы төлеу, өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтау және еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Аймақ басшысы кәсіпорындардағы тұрақты әлеуметтік ахуал, жұмысшылардың еңбек құқықтарын сақтау, әл-ауқатын арттыру маңызды міндет екенін атап өтті.

– «Еңбек шартының сақталуына, жалақының уақытылы берілуіне, қауіпсіздік талаптарына қатысты ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Адал еңбек лайықты бағаланып, маңдай терімен тапқан табыс уақытылы төленуі қажет. Барлық жауапты басқармалар мен департаменттерге ескертемін, бұл бағыттағы жұмысты босаңсытуға, немқұрайлы қарауға жол берілмейді», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Мәжілісте жауапты сала басшыларына мұнай-газ компаниялары мен кәсіпорындардағы әлеуметтік ахуалға тұрақты мониторинг жүргізу, еңбек заңнамасының сақталуын және жалақының уақытылы төленуін бақылау тапсырылды.

Сондай-ақ өндірістік нысандардағы өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының орындалуын қадағалау, жазатайым оқиғалардың алдын алу шараларын күшейту міндеттелді. Экологиялық талаптардың сақталуы да ұдайы бақылауда болуы қажет.

Құрылыс саласына жауапты басқармалар мен қала, аудан әкімдіктеріне жұмыс сапасы мен мерзімін бақылау жүктелді. Ал ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы шаруашылықтардың қаржылық-экономикалық жағдайына, жұмысшылар алдындағы міндеттемелеріне және жер ресурстарын тиімді пайдалануына талдау жүргізуі тиіс.

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫ ҚЫСҚАРТУ МАҚСАТ ЕМЕС

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте әлеуметтік төлемдерге қатысты мәселелер талқыланып, шын мұқтаж азаматтарды қолдаудың маңызы атап өтілді.

– «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында: «Мемлекеттік көмек шын мұқтаж адамдарға ғана берілуге тиіс. Үкіметтің алдында тұрған басты міндеттің бірі – осы», – деген болатын.

Қазір қоғамда талқылаулар жүріп жатыр. Бұл ретте заңдылық, ашықтық және әлеуметтік әділдік қағидаттары қатаң сақталуы тиіс. Біздің мақсатымыз – мемлекеттік қолдауды қысқарту емес, оның шын мұқтаж азаматтарға берілуін қамтамасыз ету. Осы орайда, қала, аудан әкімдіктері және жауапты басқармалар ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуі қажет», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Жиында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев баяндама жасады.

Күн тәртібіндегі мәселеге орай жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма жүктелді. Атап айтқанда «Отбасының цифрлық картасы» ақпараттық жүйесіндегі мәліметтердің дұрыстығы жан-жақты талданып, әлеуметтік төлемдерді тоқтатуда қолданыстағы заңнама талаптары сақталуы керек. Әрбір отбасыға құжатпен расталған шешім қабылдау, әлеуметтік қолдау тоқтатылса қиын жағдайға тап болуы мүмкін отбасыларды алдын ала анықтау, оларды қолдау шараларын қарастыру өте маңызды. Азаматтарға әлеуметтік төлемдердің қандай жағдайда қайта қаралуы мүмкін екенін нақты түсіндіру де назардан тыс қалмауы тиіс.

# ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев қала орталығындағы әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандарға барып, жұмыс барысын көрді.

Өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін дамыту, инвестициялық тартымдылығын арттыру және жаңа өндіріс орындарын ашу мақсатында «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы құрылғаны белгілі. АЭА аумағы 3 функционалдық ішкі аймаққа бөлінген: авиацияға қызмет көрсету аймағы 50 гектар, қоймалау және сақтау аймағы 100 гектар, өнеркәсіптік аймақ 400 гектар.

Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылдың 31 қазанындағы №470 бұйрығымен 2024 жылдың 22 ақпанындағы №72 бұйрыққа тиісті өзгерістер енгізіліп, «Қорқыт Ата» АЭА аумағында жүзеге асырылуы мүмкін экономикалық қызметтің 18 түрі бекітілді. Бұл қызмет түрлері өңірдің ресурстық, еңбек және географиялық артықшылықтарын, сондай-ақ әлеуетті инвесторлардың сұранысы мен мүддесін ескере отырып айқындалды.

Қазір бұл жерге инженерлік инфрақұрылым тартудың, құрылыстар салудың жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде. АЭА аумағын нақты инвестициялық жобалармен толықтыру, өндірістік кәсіпорындарды орналастыру және әлеуетті инвесторлармен ынтымақтастық орнату бағытында Қытай, Түркия және отандық инвесторлармен келіссөздер жүргізілуде.

Аймақ басшысы «Еңбек» саяжайы аумағында салынып жатқан 9 қабатты тұрғын үйлердің құрылыс барысымен танысты. Президент саябағына қарама-қарсы аумақта 2024 пәтері бар 23 тұрғын үй бой көтереді. Жалпы ауданы 121 900 шаршы метр тұрғын үйлердің құрылысына 46 млрд. 751 млн. теңге бөлінген, жұмысқа 16 мердігер мекеме тартылған.

Бұдан кейін облыс әкімі Тасбөгет кентіндегі Қорғаныс министрлігі 99215 әскери бөлімінің инфрақұрылымымен танысты. Әскери бөлімнің 5,4 гектар аумағында 6 ғимарат бар, 90 әскери және 10 азаматтық қызметкер еңбек етеді. 1982 жылы салынған нысан 2023 жылы жергілікті атқарушы органның теңгеріміне берілген.

Әскери бөлімнің инфрақұрылымын дамытуға жергілікті бюджеттен соңғы үш жылда 1 млрд. 242,1 млн. теңге бөлінген. Қазіргі уақытта 481,5 млн. теңгеге құрылыс салынуда. Жоба бойынша 1,2 шақырым бетон қоршау, 654 метр жылу желісі, 72 метр орта қысымды газ құбыры және бір газ реттеу шкафы орнатылады.

«Nursat» теннис орталығы 2012 жылы пайдалануға берілген, жазғы теннис корты 2022 жылы ашылған. Бүгінде мұнда 182 спортшы жаттығады, 16 қызметкер еңбек етеді. Қазіргі уақытта орталықта 847 млн. теңгеге қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде, оған облыстық бюджеттен 100 млн. теңге бөлінген. «Интегрострой» ЖШС жұмысты алдағы жылы ақпанда аяқтауды жоспарланған.

Сол жағалаудағы 6,8 гектар аумаққа



Құрылысына 20,5 млрд. теңге бөлінген «Қызылорда Арена» спорт кешенінде қазір ішкі әрлеу, дизайнерлік безендіру, сыртқы қасбетті қаптау, аумақты абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде. Бас мердігер «Aspan holding» салған кешен 2,1 гектар аумақта орналасқан, ауданы 25 540,67 шаршы метр, үш және төрт қабатты 9 блоктан тұрады. Нысан 2552 көрерменге арналған. Мұнда олимпиадалық стандарттарға сай бассейн, футзал, баскетбол және волейбол алаңдары, 300 орындық конференц-зал қарастырылған.

«Мелиоратор» ЖШС салып жатқан, ауысымына 100 келушіні қабылдайтын емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 төсектік көпбейінді аурухана құрылысына 54,3 млрд. теңге бөлінген. Үш, бес, жеті және тоғыз қабатты 10 блоктан тұратын ауруханада емхана, пансионат, конференц-зал, қабылдау, реанимация, химиотерапия, операция, радиология, физиотерапия, әкімшілік және тамақтандыру бөлімдері орналасады. Қазір мұнда ішкі әрлеу, дизайнерлік безендіру, инженерлік жүйелерді жүргізу, сыртқы абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары қарқын алған.

# ОРЫНБАСАРДАН БАСШЫ БОЛЫП ӨСТІ...

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай мәжіліс өтті. Онда Денсаулық сақтау министрінің келісімі негізінде Фармация комитеті төрағасының бұйрығымен комитеттің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы лауазымына тағайындалған Ермекбаев Нұрсұлтан Әлімбайұлы таныстырылды.

Жаңа басшыға дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сапасын, қауіпсіздігін бақылау тапсырылды. Сондай-ақ тұрғындардың дәрі-дәрмекке қажеттілігі, қолжетімділігі жан-жақты талдануы керек.

Бұдан бөлек фармацевтикалық қызмет көрсететін ұйымдардың жұмысында анықталған кемшіліктерді жою, алдағы уақытта қайталануына жол бермеу бағытында да тиісті шаралар қабылдау міндеттелді.

Нұрсұлтан Әлімбайұлы 1992 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Астана медицина университетінде «Фармация», Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтары бойынша білім алған. Еңбек жолын 2017 жылы Фармация комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінде бас маман ретінде бастап, басқа да лауазымдарда болған. 2026 жылдың шілде айынан осы уақытқа дейін департамент басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.

# ҚЫС ДАЙЫНДЫҒЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев қала орталығындағы коммуналдық және инфрақұрылымдық мекемелерді аралады. Алдымен республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп-ұстауға жауапты «ҚАЖсервис» ЖШС облыстық филиалының жұмысын көрді. Кәсіпорын облыс аумағындағы 908,9 шақырым республикалық маңызы бар автомобиль жолына қызмет көрсетеді. Теңгерімінде 134 техника бар, оның 84-і қысқы күтіп-ұстау жұмыстарына арналған. Қазір қажетті техниканың 83-і дайын. Жол бойындағы өндірістік базалар, материал сақтау қоймалары мен жылыну пункттері әзірленген.

Аралау кезінде төтенше жағдайлар департаментінің материалдық-техникалық базасы, жедел медициналық жәрдем стансасының қысқа әзірлігі де басты назарда болды. Қазір департамент пен оның құрылымдық бөлімшелерінде 902 қызметкер еңбек етеді. Өрт сөндіру бөлімдері негізгі және арнайы техникамен 80 пайыз жабдықталған. Материалдық-техникалық базаны нығайту мақсатында жергілікті бюджет есебінен қосымша 20 техника сатып алынуда. Алдағы уақытта сол жағалаудағы төрт шығу бағытына арналған заманауи өрт сөндіру депосы мен авиациялық техникаға арналған ангар салу жоспарланған.

Өңірде 70 жедел медициналық жәрдем бригадасы қызмет көрсетеді, мекемеде 1142 қызметкер жұмыс істейді. Автопаркті жаңарту үшін жергілікті бюджет есебінен 20 санитарлық автокөлік сатып алуға қаражат бөлініп, тиісті келісімшарт жасалған. Қазіргі уақытта көліктер медициналық құрал-жабдықтармен жарақтандырылуда.

«Қызылорда электр тарату тораптары» АҚ теңгерімінде 10 608 шақырым электр желісі, 2 058 қосалқы станция бар. Биыл желілер мен станцияларды жөндеуге 348 млн. теңге бөлініп, жоспарланған жұмыс толық аяқталды. Кәсіпорын күзгі-қысқы кезеңге дайындық паспортын алған. Мұнда 1 450 адам еңбек етеді.

«Қызылорда тазалығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қала аумағында санитарлық тазалық, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын атқарады. Онда 543 қызметкер еңбек етеді. Теңгерімінде 219 техникасы бар. Автопаркті жаңарту үшін 2022-2024 жылдары бюджет қаражаты есебінен 69, ал биыл лизинг арқылы қосымша 37 техника алынған.

# ТЕРЕЗЕДЕН АҚША ТЕККЕ ҰШПАЙДЫ...

### ПРЕЗИДЕНТ ШҰҒЫЛ ОТЫРЫС ӨТКІЗДІ

Астанадағы «Atlant-6» тұрғын үй кешенінің маңынан сегіз чемодан мен шашылған доллар тәрізді банкноттар табылғаны туралы ақпарат тарағаннан кейін 13 қараша күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің сол кездегі төрағасы Ермек Сағымбаевты қабылдады. Кездесу барысында ҰҚК төрағасы Президентке ведомствоның жыл басынан бергі жұмысының нәтижелері мен алдағы жоспарлары туралы баяндаған. Атап айтсақ, Мемлекет басшысы терроризм мен экстремизмге, есірткі бизнесі мен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, кибер және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне назар аударған. Кездесу соңында Президент ҰҚК қызметінің негізгі бағыттары бойынша бірқатар тапсырмалар да берді. Демек, бұл басқосу тек сыбайлас жемқорлыққа қатысты істің төңірегіне ғана бағытталмаған сынайлы...

Сол күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қауіпсіздік Кеңесінің шұғыл отырысын өткізді. Отырыста мемлекеттік компаниялардағы сыбайлас жемқорлық мәселесі, ұлттық компаниялардың қызметіне бақылау жасау және мемлекеттік қаражаттың тиімді жұмсалуын қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Президенттің тапсырмасымен сыбайлас жемқорлықты азайту, мемлекеттік компаниялардың жұмысындағы ашықтықты арттыру және заң бұзушылықтардың алдын алу бағытында бірқатар міндет қойылды. Сонымен қатар ұлттық компаниялардың инвесторлар, несие берушілер және серіктестер алдындағы міндеттемелерін орындауы керектігі атап өтілді.

Осы орайда Мемлекет басшысы Үкімет пен бақылаушы органдар биыл 24 қарашаға дейін сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылықтарды барынша азайту, квазимемлекеттік сектордағы компаниялар мен олардың қызметкерлерінің жұмыс сапасын айтарлықтай жақсарту жөнінде ұсыныс беруді тапсырды.

Президент шұғыл отырыс барысында жаңа тарихи кезеңге қадам басқан тұста «Халықтық құрылыс» бағдарламасын жүзеге асыруға кедергі келтіріп жүрген тұлғалардың бар екенін атап өтті. Тоқаевтың мәліметінше, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының құрылысы сапалы әрі белгіленген талаптарға сай жүргізілуі тиіс. Атап айтқанда жолдар, әуежайлар, емханалар, оңалту орталықтары, шығармашылық үйлері, мектептер мен спорт кешендерінің құрылысына ерекше назар аудару қажет. Мемлекет басшысы құрылыс жұмыстарының сапасына ғана емес, бөлінген бюджет қаражатының тиімді әрі мақсатты жұмсалуына да баса мән берді. Осыған байланысты мемлекет қаржысының жұмсалуын арнайы мемлекеттік комиссия қадағалайтынын мәлімдеді.

Түпкі мақсат – халықтың әл-ауқатын арттыру, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту және елді мекендердегі әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту. Сондықтан жоспар бойынша қолға алынған жобалардың нәтижесі ең алдымен халықтың игілігіне қызмет етуі керек.

### ҰҚК-НЕ ЖАҢА БАСШЫ КЕЛДІ

Осы оқиғалардан үш күн өткен соң 2026 жылғы 16 қарашада Президент жарлығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев қызметінен босатылды. Ол бұл қызметті 2022 жылғы 6 қаңтардан бастап атқарған.Оның орнына ҰҚК төрағасының орынбасары қызметін атқарған Марат Ирменов тағайындалды.Марат Ирменов 1996 жылдан бері ұлттық қауіпсіздік органдарында қызмет етіп келеді.

Президенттің баспасөз хатшысы Айбек Смадияровтың мәлімдеуінше, кадрлық шешім қабылдау кезінде ҰҚК жүйесін реформалау, басшылық құрамдағы ротация және күштік құрылымдардың жұмысына қатысты мәселелер ескерілген. Атап айтқанда, «Самұрық-Қазына» мен ҚТЖ басшыларының ұсталуына байланысты жұмыс процесі де назарға алынған.Осылайша, мемлекеттік компаниялардағы жемқорлық деректері мен оған тосқауыл қоюдағы жүйелі кемшіліктер, жемқорлардың жегені терезеден желмен жерге ұшуы қауіпсіздік комитеті төрағасының қызметтен босатылуына басты себептің бірі болды.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Ержан Сәденовке де қызметтік ескерту жарияланды.Президент полиция қызметкерлерінің тәртібі мен кәсіби даярлығын күшейту, қатардағы қызметкерлер мен офицерлер арасында тәрбие жұмысын жетілдіру жөнінде міндеттер жүктеді.

Артынша Мемлекет басшысы ҰҚК-нің жаңа басшылығымен кездесті. Кездесу барысында Президент Марат Ирменовке ұлттық қауіпсіздік органдарының жұмысын жетілдіру, кадрлық саясатты жақсарту, экономикалық қауіпсіздікті қорғау және сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту бағытындағы міндеттерді жүктеді.

Жалпы соңғы күндері орын алған оқиғалар мемлекеттік басқару жүйесінде жауапкершілік мәселесін жаңа деңгейге көтерді. Ұлттық компаниялардағы жағдай, күштік құрылымдар басшылығындағы кадрлық өзгерістер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі тапсырмалар – басшыларға жүктелген міндеттің орынды орындалуына енді қатаң бақылауға алынатынын айғақтайды.

Алайда кез-келген бағыттың тиімділігі қабылданған шешімдердің санымен емес, оның орындалу сапасымен өлшенеді. Бір басшының орнына екінші басшыны тағайындау өздігінен жүйелі мәселені шешпейді. Ол үшін мемлекеттік органдардың қызметінде ашықтық орнап, әрбір лауазымды тұлғаның жеке жауапкершілігі күшеюі керек. Мемлекеттік компаниялардағы қаржылық операциялар қоғам үшін түсінікті әрі бақылауға қолжетімді болғаны маңызды.

Осы тұрғыдан алғанда, «Заң мен Тәртіп» қағидаты тек құқық қорғау органдарының қызметіне қойылатын талап емес, бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің жұмыс істеу өлшеміне айналуы тиіс. Заң бәріне ортақ болғанда ғана әділеттілік орын алатыны белгілі.

«Халықтық құрылыс» бағдарламасы аясындағы әлеуметтік нысандардың сапасын бақылау мен бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуын қамтамасыз ету де осы міндеттің маңызды бөлігі. Өйткені салынатын мектеп, емхана, жол немесе спорт кешені қағаз жүзіндегі есеп үшін емес, халықтың нақты қажеттілігі үшін қызмет етуі керек.

Ендігі кезекте қоғам, яғни ел халық нақты нәтижені күтеді. Тергеулер әділ әрі заң аясында аяқталып, анықталған заңбұзушылықтарға құқықтық баға берілуі, мемлекеттік қаржының тиімді жұмсалуына тұрақты бақылау орнауы қажет.

Түптеп келгенде мемлекеттің басты құндылығы – халықтың сенімі. Сол сенімді нығайтудың жолы – әділ шешім, ашық басқару, заң алдындағы теңдік және әрбір мемлекеттік міндеттеменің нақты орындалуы. Аталған кадрлық өзгерістер мен саяси тапсырмалар осындай жүйелі жаңаруға ұласқанда ғана ел күткен нәтижесін береді. Президенттің қалауы да, тапсырмаларының бағыты да осындай үлкен жетістіктердің алғашқы қадамы деуге негіз бар.

**Айдана ӘЛИАРЫСТАН**

## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қауіпсіздік Кеңесінің шұғыл отырысында жасаған мәлімдемесі:

***Мәселе мемлекетіміздің абыройы, қоғамның ұлттық институттарға деген сенімі, Қазақстанның халықаралық беделі туралы болғанда біз, халық билік ету өкілдігін берген тұлғалар, ұлт мүддесін қорғау жолында аянбай еңбек етуіміз керек, сол үшін қолымыздан келгеннің бәрін жасауымыз керек. Бұл – азаматтық және саяси борышымыз.***

***«Самұрық-Қазына» қоры еліміздің стратегиялық активтерін басқарады, ауқымды инвестициялық жобаларды жүзеге асырады, аса ірі шетелдік компаниялармен және халықаралық қаржы институттарымен тығыз байланыста жұмыс істейді.Түптеп келгенде, кез келген келісімнің, серіктестіктің артында ұзақ жылдар бойы жасалатын көптеген келіссөздер, соның ішінде халықаралық қауымдастықтың елімізге деген үлкен сенімі мен мемлекетімізге жүктелген нақты міндеттер тұрады.***

***Тек соңғы үш жылдың ішінде, яғни 2023 және 2025 жылдар аралығында 3168 сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық анықталды, соның ішінде 2 165 құқық бұзушылықты мемлекеттік қызметшілер жасаған, ал қалғанын басқа да тұлғалар, атап айтқанда, квазимемлекеттік сектор қызметшілері жасаған. Жалпы сомасы 248 миллиард теңгеден асады.***

***Осы жылдың он айы ішінде 751 сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылық жасалған, соның 546-сын – мемлекеттік қызметшілер, ал 205-ін өзге де тұлғалар жасаған, соның ішінде квазимемлекеттік сектор қызметшілері де бар.***

***Осы статистикадан көріп отырғанымыздай, еліміздегі сыбайлас жемқорлық ахуалы күрделі болып тұр. Бірақ біз ешнәрсені де жасырмаймыз, басын құмға тыққан страустың кейпіне түспейміз. Біз осы саладағы мәселенің бәрін ашық айтамыз, жемқорлықты жою үшін қабылданған және қабылданатын шаралар туралы да ешнәрсені жасырмай, барлығын халыққа ашық көрсетіп отырамыз.***

***Сол себепті түрлі деңгейдегі басшылардың жымқыруға қатысты құқық бұзушылықтарын Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметі Бас прокуратурамен бірге жедел және жіті тексереді.***

***«Өзіміздікі» және «Өзіміздікі емес», тіпті «бөтен» деп бөлуге мүлде жол берілмейді. Өйткені Конституцияда заң мен сот алдында бәрі тең екені анық жазылды. Біз бәріміз де осы заңға бағынуымыз керек.***

# ЕКІ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ГАЗ ТҰТЫНА БАСТАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев Қазалы ауданына жұмыс сапары кезінде құқық қорғау органдарының бірінші басшыларының, зиялы қауым өкілдерімен бірге Жаңқожа батыр және Ү.Түктібаев ауылдарына газ қосу рәсіміне қатысты.

Ауыл тұрғындарын көптен күткен игіліктің іске асуымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

– «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы:«Ауыл – біздің алтын бесігіміз. Ауылдағы тіршілік сапасын жақсартпай, жалпы ұлттық дамуды елестету мүмкін емес», – деген болатын. Бүгін Жаңқожа батыр және Ү.Түктібаев ауылдарын көгілдір отынға қосудамыз.

***Өңірде 2022-2025 жылдар аралығында 65 млрд. теңгеден астам қаржыға 77 жоба жүзеге асты. Былтыр 18 жобаға 17 млрд. теңгеден астам қаражат бөлініп, 11 елді мекенге газ келді. Аймақта газдандыру деңгейі 83 пайыз болды.***

Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен өңіріміздің барлық саласында серпінді жобалар жүзеге асып, әлеуметтік-экономикалық даму бағытында оң тенденция қалыптасты. Тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін баспанамен қамту, инфрақұрылымды қайта жаңғырту қарқын алды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен барлық елді мекенге 100 пайыз сапалы ауыз су жеткізілді.

Қызылорда қаласында «Aksa Energy» компаниясы 215 млрд. теңгеге қуаттылығы 240 мегават жаңа жылу электр орталығын салып, бүгінде ел игілігіне қызмет етуде. Сондай-ақ 1,5 мың шақырымдық «Бейнеу-Шымкент» газ құбырының екінші желісі жоспарлануда. Газ құбырына 3 трлн. теңге бөлінеді, оның 1,7 трлн. теңгеге салынатын 846 шақырымы облыс аумағынан өтеді.

Елдің дамуы ауылдан, ауылдың гүлденуінен басталады. Бүгінгі қуаныш әрбір отбасына бақыт пен шаттық әкелсін!» – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Рәсімде ел ағалары Әлімбай Қасқырбай, Берік Бисембаев сөз сөйлеп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жыл соңына дейін тағы 10 елді мекен тұрғындары газ игілігін көріп, халықты қамту деңгейі 85 пайыздық межеге жетеді.

Бұдан бөлек «ҚазақГазАймақ» акционерлік қоғамының инвестициялық бағдарламасы аясында 10 млрд. теңгеге 6 елді мекенді газдандыру жоспарланған.

**Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Сәбит ИБАДУЛЛАЕВ:**

# ТАЛАНТТЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ БОЛМАЙДЫ

**Екіншісі – AI Hardware.** Мұнда робототехника, ақылды құрылғылар, сенсорлар, IoT және басқа да аппараттық-технологиялық жобалар ұсынылады.

**Үшіншісі – AI Media.** Бұл бағытта жасанды интеллект көмегімен бейнеөнімдер, анимациялар және цифрлық контент әзірлеуге мүмкіндік беріледі.

Фестивальдің басты ерекшелігі – қатысушылар 24 сағат ішінде өз идеяларын дамытып, нақты прототип жасап, оны сарапшылар алдында қорғайды.

Биылғы фестивальдің жалпы **жүлде қоры 6 миллион теңгені** құрайды. Сонымен қатар жеңімпаздарға жоғары оқу орындарының білім гранттары мен серіктестердің арнайы сыйлықтары қарастырылған.

Біз үшін фестивальдің маңызы тек жеңімпаздарды анықтаумен шектелмейді.

Басты мақсатымыз – жастардың бойындағы шығармашылық және технологиялық қабілеттерді дамыту, олардың өз идеяларына сенуіне мүмкіндік беру және болашақ IT мамандарының қалыптасуына жағдай жасау.

Сонымен қатар, біз үшін ауыл жастарын инновациялық ортаға тарту да маңызды. Себебі таланттың мекенжайы болмайды. Қандай да бір жақсы идея тек үлкен қалаларда ғана пайда болады деген түсінік болмауы керек.

Біздің міндетіміз – жастарға мүмкіндік беру, олардың жобаларын қолдау және болашақта сол жобалардың нақты нәтижеге айналуына жағдай жасау.

Тағы бір маңызды бағыт – фестивальде ұсынылған үздік жобаларды іс-шара аяқталғаннан кейін де назардан тыс қалдырмау. Оларды дамыту, сарапшылармен жұмыс істеу, әлеуетті серіктестермен байланыстыру және өңірдің қажеттіліктеріне бейімдеу мәселелеріне көңіл бөлеміз.

Бүгінгі таңда жасанды интеллект әлемдік дамудың негізгі бағыттарының біріне айналды. Сондықтан біз жастарды тек дайын технологияларды пайдалануға емес, өздері жаңа технологиялық өнімдер мен шешімдер жасай алатын деңгейге жеткізуді көздейміз.

**INNOFEST QYZYLORDA** – осы мақсатқа бағытталған нақты қадам.

Барша IT саласына қызығушылығы бар жастарды, студенттерді, жас кәсіпкерлерді, бағдарламашыларды, инженерлер мен креативті мамандарды фестивальге қатысуға шақырамыз.

Идеяларыңызды ұсыныңыздар, командаларыңызды жинаңыздар, мүмкіндікті пайдаланыңыздар!

Біздің өңірден де республикалық деңгейде ғана емес, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті IT өнімдер шығуы керек.

# АТА ЗАҢ - КӨШЕ АТЫ...

Ата Заң көшесінің біз кездескен тұрғынының тағы бір маңызды ұсынысы көшемен қиылысатын Сырдария жағасына қоршау орнату. Оның пікірінше өзен жағалауы, әсіресе балалар үшін қауіпті. Сондықтан тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бұл мәселені назардан тыс қалдырмаған жөн.

Көшенің тағы бір тұрғыны да көше атауына қатысты пікірін білдіріп, оны өзгертуді қажет деп санамайтынын айтты. Оның көтерген негізгі мәселесі – жарықтандыру жұмысын толық аяқтау және қоғамдық көлік қатынасын реттеу.

Тұрғынның айтуынша көшемен қоғамдық автобус жүрмейді. Балалары мектепке қатынаған кезде кейде такси шақыртуға мәжбүр. Ал қатынайтын №28 бағыттағы автобус №136 мектепке дейін бармайды. Бұл ата-аналар үшін қосымша қолайсыздық туғызады. Сондықтан қоғамдық көлік бағытын қайта қарау қажеттігі туындайды.

Кез-келген аумақтың дамуы тұрғындардың күнделікті сұранысын ескеруден басталады. Қиылысатын жолдардың сапасы, көшелердің жарықтандырылуы, қоғамдық көліктің қолжетімділігі, балалардың қауіпсіздігі мен абаттандыру жұмыстары алдағы уақытта шешімін табуы тиіс мәселелер қатарында.

Сонымен бірге көшенің кәсіпкерлік келбеті мен әлеуметтік нысандарының қолжетімділігі де жалпы инфрақұрылымдық жағдаймен тығыз байланысты. Қолайлы жол, жарық, әрі қауіпсіз орта шағын кәсіпкерліктің дамуына да, тұрғындардың күнделікті тіршілігіне де оң әсер етеді. Алайда, мұнда тек тұрғын үйлердің орналасқанын аңғардық.

Ата Заң – мемлекеттің ғана емес, әр азаматтың өміріне қатысы бар құндылық. Сондықтан осындай атауға ие көшенің тұрғындары үшін де оның тарихи мағынасын білу, құқықтық мәдениетті құрметтеу маңызды. Ал жергілікті инфрақұрылымды жақсарту сол құндылықтарды күнделікті өмір сапасымен ұштастырудың нақты көрінісі деуге болады.

Қызылорданың әр көшесі қаланың ортақ келбетіне өзіндік үлес қосады. Ата Заң көшесінің де басты ерекшелігі – атауындағы тарихи мағынамен тұрғындардың бүгінгі тіршілігінің сабақтастығы. Тұрғындардың ұсыныстары ескеріліп, көтерілген мәселелер кезең-кезеңімен шешімін тапса, бұл көше атауына сай мазмұнды әрі жайлы мекенге айнала түспек.

**P.S. Дегенмен Республика, Ата Заң, Алтын Орда және Тәуелсіздік секілді елдіктің, тәуелсіздік пен құқықтық мемлекеттіліктің символына айналған атауларды қаланың орталық үлкен көшелеріне бергенде жарасымды болар еді деген ой келеді.**

**Әрине, бұл – қаланың батыс бөлігінде орналасқан Ата Заң көшені мұндай мәртебелі атауға лайықсыз санау деген сөз емес. Керісінше, елдік пен мемлекеттіліктің мәнін айшықтайтын осындай биік атауларды қаланың қақ ортасындағы, көпшілікке кеңінен танымал орталық көшелерге берген де жарасымды болар еді. Өйткені атаудың мәні мен мазмұны оның қала кеңістігіндегі орны арқылы да айқындала түседі.**

**А.ӘЛИАРЫСТАН**

**Бас прокуратураның Қызылорда облысы бойынша департаментінің бөлім басшысы Е.ЖУКАШЕВ:**

# БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Республика бойынша 8 мыңнан астам мектеп бар, онда миллиондаған бала білім алады. Осы балалардың қауіпсіздігі үшін бұрын көмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыс жасағаны үшін сотты болған 504 адам есепте тұр.

Бұл – жай статистика емес, бұл – тұрақты бақылауды және алдын алуды талап ететін нақты тәуекел тобы.

Осы бағытта Полиция Департаментімен бірлесіп пилоттық жоба іске асырылды. Аталған адамдардың фотосуреттері «OPER – адамдарды тану бағдарламасына» енгізіліп, Қызылорда қаласындағы 12 мектептің маңындағы бейнебақылау камераларына интеграцияланды. Механизмі қарапайым және тиімді: қауіпті тұлға камера аймағында пайда болса, Департаменттің «102» арнасына автоматты түрде сигнал түседі, полиция қызметкерлері сол жерге барып, заңда көзделген профилактикалық шара қабылдайды.

Осылайша бейнебақылау жүйесі тек тіркеу үшін емес, қылмыстың алдын алу үшін жұмыс істеп тұр. Бұл тәжірибе Бас прокуратураның қолдауымен қазір Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және басқа облыстарда енгізілуде. Бұл – біздің облыстың оң тәжірибесі.

Бас Прокуратураның бастамасымен «Күшейтілген профилактиканы талап ететін тұлғалар тізілімі» аналитикалық жүйесі іске қосылды. Жүйеге ЕРАП деректері интеграцияланған және әр адам бойынша тәуекел деңгейі анықталады.

Бүгінгі таңда осы жүйе бойынша облыс көлемінде дәл осы критикалық аймақта 22 мыңнан астам адам анықталды.

Құрметті әріптестер, бұл – жай ғана сан емес. Әр адамның артында нақты отбасы, нақты жәбірленуші және ертеңгі күні қайталануы мүмкін нақты тәуекел тұр. Біздің ортақ міндетіміз – сол тәуекелді барынша төмендету.

*Кітапхана*

# ШӨЛСТАНҒА ШАБУЫЛ

Менің туған ауылым – Көкаралдың Аққұмы дария атырауының өкпе тұсында. Аспан ашық күндері дарияның теңізге құярлығы сонау көктегі Күн астында айнадай жарқырап жатады. Екіаралық асқанда 20 шақырымдай. Біздер, жалаң аяқ жорытқан ауыл балалары Сарытөбе деп аталатын теңіз жағалауындағы енапат құм төбенің басына шығып алып ойнайтынбыз. Сол төбе үстіртінен қарсы беттегі алып теңіздің айдынында жүзген тірі ноқаттың бәрі көрінеді. Сонау көз ұшында теңселген балықшы қайықтарын бұлыңдаған сағым толқындары теңіз бетінен көтеріп әкетердей көрінетін. Бүгін көрген қызықтарымыз ертең қайталанбайтын ғажайып көріністер өзіне еріксіз еліктіреді, ұзын-сонар қиял әлеміне алып ұшады. Бір сәтте сол-сонау сиқырлы дүниенің тұтас шымылдығы арасынан сағым көтерген ұбақ-шұбақ ұзын көш – теңіз керуені бар салтанатымен көрінер еді. Біздер қанша аунағанымызда үстімізге қылау жұқпайтын Сарытөбенің асыл топырағына жапатармағай етпеттей жата-жата қалып, қос алақанымызбен жағымызды таянып жіберіп, сонау қиырдағы көш-керуеннің тіркемелерін санай бастаймыз. Біреу, екеу, үшеу... кейде 5-6, кейде 7-8 тіркеме болады, кейде он, тіпті он екіге дейін барады. Мәссаған деп шулаймыз. Көз ұшындағы сол ғажаптың қызығына тоймайтынбыз, көзіміз жасаурап талғанша алыс қиырға ұзатып салудан жалықпайтынбыз.

Кейін білгеніміздей, ұлы теңіз қойнауларынан Арал портына қарай күні-түні тынымсыз өтіп жататын сол керуендер – сексеуілдің құж-құж кәрі томарлары тиелген баржалар екен. Оны сүйреп портқа жеткізетін қуаты күшті кемелер болады екен. Түтіні будақтаған алып кеме баяу жүзіп бара жатады. Арал аймағының сыңсыған қалың жынысты сексеуіл томарларын портқа жеткізгесін одан әрі жүк вагондарымен тірі табиғатымызды құныға жалмаған Қызыл империяның түкпір-түкпіріне жөнелтіп жатады екен. 1954 жылы Арал қаласының көшелеріне алғаш рет аяқ басқанымда өз көзіммен көрдім, әлгі алып баржалардағы сексеуіл томарларын вагондарға кранмен тиегеннің өзінде бірнеше тәулікте әрең түсіріп үлгіретін көрінеді. Аллаай, сексеуіл болғанда қандай, әрбір томарының өзі алқа бел атан түйеге жүк болғандай! Сондай керемет ірі томарларды мен кешегі бергі заманда Қарақұмнан да, Арысқұмнан да, Қызылқұмнан да, тіпті Борсықтың ұлы құмдарынан да көре алмадым. Жаппай жабыла отаудан құрыған. Құрымай қайтеді, баяғы соғыс жылдарында шығыстан батысқа қызыл эшалондарды жеткізетін паравоздардың көмірі таусылып қалғанда, сексеуіл мен жыңғылдың томарын, тіпті мұзқалада тоң болып қатып жатқан балықтарды да жағады екен. Паравоздың обыр оттығы соның бәрін жұтқан...

Енді бүгінде Арал портының орны иесіз, құлаққа ұрған танадай құлазып тұр. Заманында ен байлығын пайдаланған алағай да былағай дәурені зар желіп өткен. Тым-тырыс. Құрғап қалған теңіз табаны қаңсып бұл жатыр. Тұра түссең ашқылтым сасық иісі қолқаны кеулеп, тынысыңды тұншықтыра түседі. Баяғы толқыны тулаған Арал айдыны қайда, теңіз аңғарынан жан сарайынды сілкіндіріп соғатын саумал сері самалы қайда? Оның енді бірі де жоқ. Бүгінгі талайсыз ұрпақты баяғыда, теңіздің қойын-қолтығында жабайы сексеуіл жынысы болған дегенге енді сендіріп көр; сол енапат байлықты кешегі құрдым империяның жиырмасыншы ғасырдың жетпісінші жылдарына дейін отынға пайдаланып құртқанына иландырып көр. Арал атырабы сексеуілдерінің жабайы томарларымен теңізде кемелерді, жерде пароходтарды, заводтар мен фабрикаларды тынымсыз жүргізіп, тұрғын үйлерді жылытқаны енді ертегіге айналған заман ұмыт болған. Бүгінде баяғының бәрі бәлду-бәлду бәрі өтірік. Өйткені, Арал аймағында жайқалған сексеуіл орманы жоқ. Тырдай жалаңаштанған жердің құмы, тұзы, шаңы мидай араласып кеткен шөлстанның ұшы-қиыры көзіңді талдырады.

Орман шаруашылығы дейтін мекеме баяғыда бұл ауданда да болған. «Жұт жеті ағайынды» демекші, ұрымтал жерлерінен бұғалық түсіп арыны қайтқан Сырдариядан тамшы тамбай, теңіз емін-еркін тулай алмай тек солықтап жатқанда, бір білгіштер жоғарыдан тиесілі суын сұраудың орнына қайраткерлік ой өрісінің жеткен жері: 1971 жылы әлгі орман шаруашылығы мекемесін қысқартуды қолайлаған. Онысын креслосы биіктегілер дұрыс көрген де, мекемені Қазалы ауданының қанжығасына қосақтай салған. Күні ертең не боларын кім ойлаған... Екі ұлы өзен Әму мен Сырдың суын бей-берекет ысырапқа салған туасы тойымсыздардың кеудемсоқ ісіне Табиғат анамыз қашанға дейін төзе берсін, бір күндері қаһарланып берсін. Оның салдары байтал тұрғай бас қайғы, талай жылдан бері өркен жайып, өрістей бастаған орман өсіру жұмысы ай далада аяқсыз қала берген.

Арада бос сергелдеңмен 19 жыл өтті. Ал, Арал орманшыларын қаңғыртып жіберу есебінен үнемделген қаржымен облыстың жыртығы бүтінделген жоқ. Керісінше жер аза берді, тұрмыс тоза түсті, денсаулық кеміді, өлім-жітім көбейді. Экология қыспағынан есеңгірей бастаған ел ғайыптан пайда болған қайта құру мен жариялылықтың арқасында ғана сілкіне бастады. Айтсам деген ауызға еркіндік тиді. Жариялылық желімен аудан басшылығына тағайындалған Биғали Қаюпов баяғы орман шаруашылығы мекемесін ізденіп жүріп қайтарып алған.

- Қазақ орман шаруашылығы министрлігінің 1990 жылғы 4 мамырдағы жетпісінші бұйрығымен Арал аудандық орман мелиоративтік стансасы құрылды, - деп басталды бас орманшы Арыстан Игіліков әңгімесін. Министріміздің сол бұйрығы негізінде облыстық орман шаруашылығы өндірістік бірлестігі бастығының берген бұйрығы (№111. 25.05.1990 ж.) қолымызға тиісімен «иә, сәт» деп жұмысымызға жедел кірісіп кеттік. Аудан орман қорының көлемі – 725 мың 696 гектар, елуден аса жұмысшыларымыз бар. Елді мекендеріміз бір-бірінен жырақ, өте шалғайда. Сондықтан, жұмысты 4 бөлімше бойынша жүйелі жүргізуді ұйымдастыруға тура келді. Айталық, Арал бөлімшесі тоғай қорын күзетумен және тұрғындардан орман түсімін жинаумен, Арал қаласын көгалдандыру және айнала жасыл белдеу жасаумен айналысатын болады. (Ойпырмай, оңай деген...) Ал Аманөткел бөлімшесінде түрлі ағаш көшеттері өсірілуде. Аққұлақ бөлімшесі дария бойындағы тоғайлықтарды қорғаумен бірге қосалқы шаруашылығымызды жүргізеді. Қамыстыбастағы бөлімшеміз негізінен қамыс орып құрылыс материалдарын дайындайды. Оны, Президентіміз айтқандай, тұтынушыларға сатып өз күнімізді өзіміз көреміз.

Сонымен біздің әзірге бітіргеніміз, соңғы екі жылдың көктемгі, күзгі маусымдарында 4500 гектарға жыңғыл, сексеуіл және сарыбарқын егіп үлгірдік.

- Сарыбарқын?! Оның қандай қасиеті бар екен?

- Оның бар қасиеті құрғаған теңіз табанының удай ащы тұзына төтеп бергіш. Біздің бұл ісіміз тұз дауылына қарсы тұрудың әрекеті ғой. Осы сарыбарқынды халық «сары сазан» дейді.

- Иә-ә. халық айта-а-ады... Шығымы қалай екен?

- 1991 жылдың қазан-қараша айларында облыстық орман шаруашылығы бірлестігі алғашқы тәжірибе ретінде 16 мың гектарға сол сарыбарқын тұқымын еккен болатын. Ал енді бұл бір ғажап! Өзі жеріміздің бұйырғын деген шөбіне ұқсайды. Қаулап өсуде.

Қаулап өсуде... айтуға оңай, бірақ қанша қаулап өскіш болса да, көп емес, көлшік емес, аумағына Европаның Бельгиядай 4 мемлекеті еркін сыйып кететін теңіз табанын сарыбарқынмен тегістеп шығу мүмкін бе?!

Осы ойымды Арыстанға айтқанымда:

– Күдігіңіз орынды. Құрғаған теңіз табанын тегістеп шығуға біздің мекемені айтасыз, бүкіл облыс орманшыларының шамасы келмейді, - деді.

- Сонда, не істеу керек?!

- Ең дұрысы бұған Қазақстандағы 19 облыстың бүкіл орманшылары нақты үлестерін қосуы керек. Арал қорына там-тұмдап тиын-тебен жинаумен және құр жанашыр сөзбен іс бітпейді. Онымен экологиялық дағдарыс жайлаған өңірді сауықтыра алмаймыз. Ең төтесі, әрбір облыс жалаңаштанып қалған теңіз ұлтанын өзара бөліп алып, тез арада сарыбарқынды егіп тастаса - нақты көмек, тиянақты іс сол болар еді. Ондай атты күн туа қалса, бүкіл аудан байтағының тұзды шаңы біршама басылып, әжептәуір өңі кіріп қалар еді.

Бұл оның жеке пікірі. Бірақ, мұндай зор ауқымды жұмысты жедел жүзеге асыра қою мүмкін бе, сірә? Оған қаржы қайда? Кейін ел ішін аралап, адамдармен сөйлесе келгенде білгенім: «Сарыбарқынға бола қаржы бөліп керегі не? Қаржыны оған бөлгенше ауданның әлеуметтік мұқтажына жұмсаған тиімді болар. Теңіздің ұлтанына өзінің ежелгі табиғи өсімдіктері орманшыларсыз-ақ өсе бермей ме?» деушілер де болды. Демек, біздің бұдан ұққанымыз: осылай әрі тарт та, бері тартпен жүргенде, апат аймағының ең-ең қиын проблемасы (кеңістікті зиянды тұзды шаңнан қорғау) бұл тұста орайымен шешіле қояр ма екен. Ой, қайдам-ау...

Осылай ой жүгірте отырып ең негізгі сұрағымды Арыстанға төтесінен тағы қойдым:

- Айтуына қарағанда, аудан аймағын сауықтыру үшін жыңғыл, сексеуіл, сарыбарқын егіп, көшет және тұқым дайындайды екенсіздер. Мұның өзі қалай, ғылыми негізі бар жұмыс па, әлде...

- Бізде көзжұмбай жұмыс болмайды, - деді Арыстан. - Не істесек те «Казгипролесхоздың» негіздеп берген нұсқауымен қимылдаймыз. Көкшетаудың Шортанды қаласында орман ғылыми-зерттеу институты бар. Ондағылар теңіз ұлтанына қандай өсімдікті жерсіндіру керектігін шұғыл зерттеуде. Демек, сарыбарқыннан да басқасын егуімізге ұсыныс келіп түсуі әбден мүмкім. Ал, ондай жұмысты маман орманшыларсыз қалай жүзеге асыруға болады? Айталық, «Казгипролесхоз» 1990 жылдың тамызында 10 мың гектар жердің топырақ құрамын анықтап берсе, 1991 жылдың қыркүйек-қазан айларында да іздестіру жұмыстарын жүргізді. Соның нәтижесінде біз Аралдың «Бас жоспарына» сай қаланың санитарлық-қорғау аймағын ғылыми негізде жасауға мүмкіндік алып отырмыз. Алғашқы жұмысымыз Ақтөбе Қызылорда автоколік жолының бойынан басталмақ. Әрине, көшкін құмның қоршауында қалған қаланы айналдыра жасыл белдеу жасау оңай емес. Анықталған алғашқы деректерге қарағанда, қаланың төңірегі толайым тұзды, сортаңды жер болып шықты. Бұған көп күш, қажыр-қайрат жұмсауымыз керек болады.



**Айжарық СӘДІБЕКҰЛЫ**

Мен Арал қаласын бір емес, бірнеше рет аралап та, айналып та шыққан адаммын. Төбесінен күндіз де, түнде де ұшып өткенбіз. Сонда байқағаным: қаланың айналасы да, алыс маңайы да құм басқан құла түз: көшелері қиыр-шиыр; үйлері қиқы-жиқы; әр жерден бір тұзы көпіршіген сордың ащы иісі аңқып тұрады. Қысқасы, қаланы ұлы шөл қамауға алған. Теңіз шегініп кеткендіктен қала көрер көзге айдалада адасып қалғандай. Қаланың тұрған жері де, маңайы да тұщы су шықпайтын арам жер. Орынбор - Ташкент темір жолының салынуына байланысты орныққан Арал стансасының айналасына кезінде жыпырлап қоныстанған ел орнығып қалған. Әйтпесе, бұл жер қала салатын жер емес. Нағыз шөлстан. Құммен алысқан қаланың жасыл белдеумен оңайлықпен көмкеріле қоятынына мен сене алар емеспін.

- Сонда-а... жасыл белдеудің көлемі қанша болмақ?

- Әзірге 620 гектар деп отырмыз.

Рас шығар... Бұл қаланың тұрғындары күні бүгінге дейін ауыз судың өзіне бірде жарып, бірде жарымай келді. Қалада алаңсыз су болмай қалатын кездер әсіресе соңғы уақытта жиілеп кеткен. Толағайдағы жерасты теңізінен жеткізілген құбырды облыстың Морозов басқаратын құрылысшылары сапасыз салған. Қыруар каржыны жалмаған бұл құбырлардың ұзына бойында тесілмеген, жарылмаған жері жоқ. Аралдан шығып Сексеуіл стансасына дейін машинамен жүріп отырғанымызда құбыр бойы дерлік батпаққа айналған. «Толағайға жеткенше осылай ма?» деп сұрағанымызда: «Әр жер, әр жері осылай батпақтанып жатыр» деген жауап алғанбыз. Олай болса, қаланың қазіргі жағдайына қарап Арыстан айтып отырған «жасыл белдеуді» қиялшылдың хикаясы дегің келеді екен...

Дегенде, бірақ, кім біледі, жаңа басшылық, жаңа қоғамдық бағыт дегендей, Аралдың ақ жарылқайтын күні алда шығар. Үмітімізді үзбейік...

* * *

Ой, заман-ай! Аралдың баяғы даңқы аспандап, айдыны шалқыған заманында ішпесіңді ішіп, жемесіңді жегендерден бүгінде әскерилерден басқаны емге іздеп таба алмайсыз. Туған жерін тойған жеріне айырбастап жүре беретіндер қаладан кетіп біткен. Нені көрсе де, жергілікті халық көріп жатқан. Құла түз, құба шөлде, алып түсер аңызақтың астында, алақаншық желдің өтінде шұрайынан шыр қалмаған жердің «ән салып тұратын» топырағын шайнай жүріп, тұз-тозаңын жұта жүріп малын бағады, шөбін шабады, отын-суын тасиды. Ал ауданның бірден-бір бас орманшысы мына Арыстан бастаған табиғат тамыршылары жылы ұя, жұмсақ төсегінен безіп, жырақта талықси жүріп жер тырналайды: еріндері кезеріп жүріп көгеріш егеді, көшет дайындайды.

Арал орманшыларының кеңсесі Қамыстыбас темір жол стансасында, маман қызметкерлері де сонда, өздерінше бір ауыл. Есеп-қисаппен айналысатындарынан басқасын, әсіресе маусымдық жұмыстың қызған кезінде кеңседен таба алмайсыз. Мен Арыстанмен алғаш жолыққанда-ақ оның шаршап жүргенін бірден аңғардым. Бас орманшы өте кеш жатып, ерте тұрады екен. Шаруашылығын аралағанда шөліркеп қалатын қаламшаларға су бере жүру үшін көккасқа водовозына қаршығадай құнжиып отырып алады екен. Сол кеткеннен үйіне кейде кештетіп, кейде түнделетіп бір-ақ оралатын көрінеді. Келе алмай қалатын күндері де болып тұрады екен.

Бұл жолы екеуміз сапарлас болдық. Су толы көлігімізді Аманөткел қайдасың деп зарлатып келеміз. Арыстан айтқан: «Біздің бір шеті Шалқар шекарасына, екінші шеті Қазалы жеріне дейін жайылып жатқан даламызды аралап үлгірмейсіз. Аманөткелде жұмысы 1991 жылдың көктемінде басталған питомнигіміз бар, соған алып барайын» -деп. Келістім. Үйткені, маған бұлардың питомнигі қандай болады екен дегендей де ой келді. Арыстан жол үстінде біраз жайға қанықтырды. Шығыс Қазақстандағы Лениногор орман шаруашылығы техникумын бітірген. 1976 жылдан бері осы саланың ыстық-суығынан бір мезет ажырамаған...

Аудан орталығында елдің, жердің қамын ойлайды-ау деген бірқатар кісілермен пікірлесіп көргенімде, соңғы уақытта болып жатқан өзгерістердің бұл аймаққа қатысы жоқтай күмілжігендеріне таң қалғаным бар. «И-и, солар, құдай біледі, жапырағымызды жайқалта қоймас...» - деп ыңыранады. Осыны есіткенде өзім ыңғайсызданып қалдым. Мен ауданда орман шаруашылығының қолға қайта алынғанына өзімше қуанып келсем, мына шойтықтар керсолқы. Арал, Арал деп ай далада шыр-пыр болып жүрген мына біздер-ау деймін. Журналистерді айтамын. Мына мықтылардың дүниелері түгел көрінді. Арал жері өртеніп кетсе де, қайғыра қоятын пейілдері байқалмайды. Бұл шойтықтар қара халықтан баяғыда-ақ бөлектеніп алған-ды. Тұмсықтары әлі де аспанда екен. Еңкейе қоймапты. Өздерінше компан – бір шеңберден шықпайды: ауданның тәуірін киеді, жылы жұмсағын жейді, сол баяғы қыдыру, ақша салып карта ойнау; қыл аяғы Толағайдың тәтті суын ит өлген жерден водовоздармен арнайы алдырып ішіп жаман үйренгендер, соған жуынып шомылады... Бұларға былайғы қара халық без тереп кетсе де, бәрібір...

Ал арса-арсасы шығып жатқан мынау өлі даладағы орманшылардың тыныс-тірлігі Аралдың күн тимес, жел тимес шойтықтарынан мүлде бөлек. Кабинетте отырғандардың басы қосыла қалса, әңгімені саясаттан бастайды, соңын өсекке айналдырады, кімнің қандай лауазымға кім арқылы көтерілгеніне дейін есептеп отырады. Шынтуайтына келгенде жалақысынан басқа ішім-жем есебін халықтың үстінен айыратындардың арқа-басы кең келеді. Қайда барамын, қайда қыдырамын, не істеймін десе де еріктері. Олардың тұрмыс салтын мына Арыстан сияқты қара сирақ орманшылардың тірлігімен әлбетте салыстыра алмайсыз.

Бұл ауданда айнала төңіректі көгалдандыру озалдан үрдісте жоқ. Себебі, бұл аймақта аяқсудың өзі жоқ. Ауыз су тапшы. Суландыру үрдісте жоқ болғандықтан «аборигендерге» қорықты қорғау, тоғайды шарлау, жасыл жапырақты бұта өсіру өнбес тірліктей көрінеді. Жалпы Арал орманшыларының бейнеті нулы-сулы аймақтағы орманшылар бейнетінен бөлек. Аптап қуырған шөлстанда орманшы болып көріңіз. Питомникті күту бір, көшет дайындау екі, кеуіп қалған теңіз табанына сарыбарқын егу үш, құмға сексеуіл өсіру төрт, ағаштардың санитарлық жұмысы бес, мал жайылымын қалпына келтіру алты, жасыл белдеу жасау жеті, тұқым және орман түсімін жинау сегіз, жануарлар дүниесін қорғау тоғыз, қолдан тұрмыстық заттар жасап, оны тұтынушыларға сату он, қосалқы шаруашылықты жүргізу он бір...

Бірақ бұл да бейнеттің шегі емес және осының бәрі көзге көрінбейтін нәзік те шетін жұмыстар. Оның қаншалықты қиындығын күйіп тұрған Күн астында нәрестедей күтім тілейтін әрбір көгеріштің түбіне үңіліп, ертеден қара кешке дейін иіліп-бүгіліп жүретін жандар ғана біледі. Ал дайынға ие болатын былайғы пенделер үшін шөл кезген орманшы деген кім? Арқыраған айғыр машинасын азынатып келіп, тіркемелі трактордың селкілдетіп келіп, сексеуілдің сүйекті томарларын жуан троспен қас қағым сәтте қиратып отайтындар үшін орманшы деген кім? Қияметіне бақса, ерні кезеріп, көзі қарауытқан немені бағбан шөлдің бір қалтарысына қисайта салуы да қиын емес...

*(Басы өткен номерде. Жалғасы бар)*

# 2026-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН АЗАМАТТЫҚ БЮДЖЕТ

2026-2028 жылдарға арналған азаматтық бюджеті ұсынылады.

Аталған құжат келесі бөлімдерден тұрады:

- Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері;
- Қызылорда қаласы бюджетінің түсімдері мен шығыстары;

Қызылорда қаласының «2026–2028 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» Қызылорда қалалық мәслихаты сессиясының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы №314-45/1 шешімімен бекітілген. (Қызылорда қалалық мәслихатының 2026 жылғы 25 қыркүйектегі №401-57/4 шешімімен нақтыланған).

## 2026-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ АЗАМАТТЫҚ БЮДЖЕТ

(нақтыланған бюджет 25.09.2026 ж.)


### ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ 2026-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қызылорда облысының 2026-2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы (одан әрі – Болжам) «Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығына сәйкес әзірленді.

Қызылорда қаласының 2026-2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштері стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды, Мемлекет басшысының жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауын, өңірдің негізгі даму бағыттарын ескере отырып әзірленді.

| Көрсеткіштер | 2025 | Болжамды кезең жылы | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2026 | 2027 | 2028 |
| | Бағалау | Болжам | | |
| Өнеркәсіп өнімдерінің көлемі, өткен жылғы тиісті кезеңге % | 95,0 | 92,0 | 92,1 | 93,2 |
| Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру көлемі, өткен жылғы тиісті кезеңге % | 81,0 | 85,9 | 84,3 | 83,0 |
| Өңдеу өнеркәсібінің көлемі, өткен жылғы тиісті кезеңге % | 109,3 | 109,7 | 110,0 | 110,1 |

**2025 жылғы бағалау**




■ Өнеркәсіп өнімдерінің көлемі, өткен жылғы тиісті кезеңге %
■ Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлер қазу көлемі, өткен жылғы тиісті кезеңге %
□ Өңдеуші өнеркәсібінің көлемі, өткен жылғы тиісті кезеңге %

### 2026-2028 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

| Көрсеткіштер | 2025 | Болжамды кезең жылы | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2026 | 2027 | 2028 |
| | Бағалау | Болжам | | |
| Әлеуметтік сала көрсеткіштері | | | | |
| Тұрғындар саны, мыңадам | 365,2 | 370,0 | 373,7 | 377 |
| Ең төменгі күн көріс деңгейі | 46 228 | 50 851 | 55173 | 59563 |
| Айлық есептік көрсеткіш, теңге | 3 932 | 4 325 | 4 693 | 5092 |

### ҚАЛА БЮДЖЕТІНІҢ ТҮСІМДЕРІ МЕН ШЫҒЫНДАРЫ

### ТҮСІМДЕР

2026-2028 жылдарға арналған қалалық бюджет түсімдерінің болжамы бюджеттің түсімдерін болжамдау Әдісімен, қаланың әлеуметтік экономикалық даму болжамындағы макроэкономикалық көрсеткіштер негізінде, Қазақстан Республикасының Салық, Бюджет кодекстеріне және басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жоспарланған.

Салықтық түсімдерінің ең үлкен мөлшерін төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы, әлеуметтік салық және корпоративтік табыс салығы құрайды.

Үш жылдық кезеңге қалалық бюджеттің жоғары тұрған деңгейдегі бюджетпен қатынасы жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша нормативтік аударымдар бөліну арқылы реттеледі.

Қалалық бюджетке түсетін жеке табыс салығы бойынша 100,0 пайыз, әлеуметтік салық бойынша 0 пайыз болып белгіленді, тиісінше облыстық бюджетке 100,0 пайыз.

2026-2028 жылдарға қалалық бюджет кірістерін болжамдау кезінде 2025 жылда бюджет кірістерінің орындалуы, 2026 жылынақты түскен түсімдерге байланысты күтілетін болжамның бағалануы және уәкілетті органдардың мәліметтері ескерілді.

2026-2028 жылдарға арналған қалалық бюджеттің кірістері (трансферттерді есепке алмағанда) төмендегідей көлемде белгіленуде:

2026 жылға –146 434 612,5 мың теңге;
2027 жылға –66 962487 мың теңге;
2028 жылға –70 684185 мың теңге.

### 2026-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЛА БЮДЖЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІ

мың теңге

| Атауы | 2026 | 2027 | 2028 |
|---|---|---|---|
| **1. Кірістер, оның ішінде:** | **149 654 593,2** | **78 357 004,0** | **70 684 185,0** |
| Салықтық түсімдер | 60 818 516,4 | 66 241 958,0 | 68 965 956,0 |
| Салықтық емес түсімдер | 689 500,0 | 720 529,0 | 763 498,0 |
| Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 10 203 694,0 | 11 394 517,0 | 954 731,0 |
| Трансферттердің түсімдері | 84 055 105,1 | | |
| **2. Шығындар** | **205 361 790,2** | **66 560 063,0** | **69 566 187,0** |
| **3. Таза бюджеттік кредиттеу** | **-1 256 218,9** | **0** | **0** |
| Бюджеттік кредиттер | 259 500,0 | **0** | **0** |
| Бюджеттік кредиттерді өтеу | 1 515 718,9 | **0** | **0** |
| **4. Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо** | **-** | **0** | **0** |
| Қаржы активтерін сатып алу | - | **0** | **0** |
| Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | - | **0** | **0** |
| **5. Бюджет тапшылығы (профициті)** | -48 338 755,8 | **0** | **0** |
| **6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)** | 48 338 755,8 | **0** | **0** |
| Қарыздар түсімі | 72 757 056,0 | **0** | **0** |
| Қарыздарды өтеу | 24 868 427,4 | **0** | **0** |
| **Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары** | **450 127,2** | **0** | **0** |

### ҚАЛА БЮДЖЕТІНІҢ ШЫҒЫНДАРЫ

2026-2028 жылдарға арналған қалалық бюджет жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы және Қызылорда қаласының экономикалық даму жоспарын жалғастыруға және «Ұлттық жобаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген ұлттық жобаларды іске асыруға бағытталған.

мың. теңге

| Атауы | 2026 жыл | 2027 жыл | 2028 жыл |
|---|---|---|---|
| **Шығындар** | **205 361790,2** | **66 560 063,0** | **69 566 187,0** |
| Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 8 198 310,9 | 1 450 425,0 | 1 464 778,0 |
| Қорғаныс | 41 562,1 | 31 307,0 | 31 401,00 |
| Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 263 081,0 | 270 081,0 | 281 650,0 |
| Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 8 758 765,0 | 6 639 346,0 | 6 919 273,0 |
| Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 131 548 238,6 | 4 942 287,0 | 5 180 334,0 |
| Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 2 020 173,7 | 1 715 585,0 | 1 742 273,0 |
| Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 1 153 329,3 | 0,0 | 0,0 |
| Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 236 351,7 | 226 037,0 | 231 677,0 |
| Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 325 330,9 | 173 574,0 | 175 716,0 |
| Көлік және коммуникация | 23 102 717,1 | 5 026 126,0 | 5 262 328,0 |
| Басқалар | 2 237 474,8 | 1 366 753,0 | 1 423 584,0 |
| Борышқа қызмет көрсету | 3 335 049,9 | 378 653,0 | 340 530,0 |
| Трансферттер | 24 141 405,2 | 44 339 889,0 | 46 512 643,0 |
| Қарыздарды өтеу | 24 868 427,4 | 13 299 668,0 | 2 277 613,0 |

Қала бюджетінің шығындарында облыстық және республикалық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферт енгізілген.

Мақсатты трансферттер ағымдағы нысаналы трансферттер және нысаналы даму трансферттеріне бөлінеді.

Ағымдағы нысаналы трансферттер. Жалпы сипаттағы трансферттердің үш жылдық көлемінің қолданылуы кезеңінде республикалық немесе облыстық бюджеттерде бекітілген сома шегінде: жоғары тұрған бюджеттер төмен тұрған бюджеттерге беретін, жергілікті бюджеттер шығыстарының ұлғаюына және (немесе) кірістерінің азаюына әкеп соғатын, заңнамалық актілерді, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыстың өкілді және атқарушы органдарының, актілерін қабылдаудан туындайтын төмен тұрған бюджеттердің шығындарын өтеуге бағытталған.

2026 жылға ағымдағы нысаналы трансферттер сомасы – 52 990 845,5 мың теңге.

Нысаналы даму трансферттер жоғары тұрған бюджеттер төмен тұрған бюджеттерге жергілікті бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыру үшін республикалық немесе жергілікті бюджетте бекітілген сомалар шегінде беретін трансферттер нысаналы даму трансферттері болып табылады.

2026 жылға нысаналы даму трансферттер сомасы – 28 000 728,2 мың теңге.

**Әлеуметтік сала**

**Әлеуметтік саланың шығыстары 2 функционалдық топтан тұрады:**


1. Әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыру
2. Мәдениет, спорт және ақпараттық кеңістік

Әлеуметтік салада негізгі бағыттардың бірі азаматтардың әл-ауқатын көтеру үшін алдын ала қабылданған әлеуметтік міндеттемелерді орындау болып табылады.

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мақсатында мемлекет тарапынан жан жақты көмек көрсетілуде.

**2026 жылға қаралған қаржы**

млн. теңге




■ Әлеуметтік көмек
■ Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік



**Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру шығыстары**

Әлеуметтік саланың негізгі басымдығы аймақ азаматтарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелерін орындау болып табылады.

мың.теңге

| Атауы | 2026 жыл | 2027 жыл | 2028 жыл |
|---|---|---|---|
| **Барлық шығындар:** | **8 820 926,7** | **6 688 861,0** | **6 969 328,0** |
| Әлеуметтік қамсыздандыру | 2 578 047,0 | 496 581,0 | 521 410,0 |
| Әлеуметтік көмек | 3 819 047,6 | 3 850 042,0 | 4 016 740,0 |
| Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер | 2 423 832,1 | 2 342 238,0 | 2 431 178,0 |



**Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру шығыстары**

мың теңге

| Атауы | 2026 жыл | 2027 жыл | 2028 жыл |
|---|---|---|---|
| **Барлық шығындар:** | **1 823 174,0** | **1 715 585,0** | **1 742 273,0** |
| Мәдениет саласындағы қызмет | 693 071,0 | 668 427,0 | 675 946,0 |
| Спорт | 350 428,0 | 347 258,0 | 353 829,0 |
| Ақпараттық кеңістік | 472 374,0 | 472 588,0 | 483 488,0 |
| Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге қызметтер | 307 301,0 | 227 312,0 | 229 010,0 |

Сонымен қатар, төмендегі қосымша шығындар ескерілді:


**Ағымдағы нысаналы трансферттер:**

"Облыс тұрғындары арасында дін қызметкерлерінің қатысуымен діни-ағартушылық жұмыстарын жүргізу" әлеуметтік жобасына.

### КОММУНАЛДЫҚ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНЫҢ ШЫҒЫСТАРЫ

1. Тұрғын үй шаруашылығы
2. Көлік және коммуникация
3. Құрылыс саласы

млн. теңге




■ Тұрғын үй шаруашылығы ■ Көлік және коммуникация □ Құрылыс саласы



**Тұрғын үй шаруашылығы, көлік және коммуникация саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру шығыстары**

мың теңге

| Атауы | 2026 жыл | 2027 жыл | 2028 жыл |
|---|---|---|---|
| **Барлық шығындар:** | **40 157 733,0** | **10 419 220,0** | **10 904 899,0** |
| Тұрғын үй шаруашылығы | 18 051 761,6 | 5 393 094,0 | 5 642 571,0 |
| Көлік және коммуникация | 22 105 971,4 | 5 026 126,0 | 5 262 328,0 |



**ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДАҒЫ ІС-ШАРАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШЫҒЫСТАРЫ**

мың теңге

| Атауы | 2026 жыл | 2027 жыл | 2028 жыл |
|---|---|---|---|
| **Барлық шығындар:** | **117 571 700,8** | **173 574,0** | **175 716,0** |
| Құрылыс шаруашылығы | 117 571 700,8 | 173 574,0 | 175 716,0 |

# ГРАЖДАНСКИЙ БЮДЖЕТ НА 2026 – 2028 ГОДЫ

Данный документ включает следующие разделы:

- основные показатели социально-экономического развития города Кызылорды;
- поступления и расходы бюджета города Кызылорды;

Утверждено решением сессии Кызылординского городского маслихата от 19 декабря 2025 года № 314-45/1 «О городском бюджете города Кызылорды на 2026-2028 годы» (Уточнено решением Кызылординского городского маслихата от 25сентябрь 2026 года №401-57/4)

## ГРАЖДАНСКИЙ БЮДЖЕТ ГОРОДА КЫЗЫЛОРДЫ НА 2026– 2028 ГОДЫ.

*(уточненный бюджет 25.09.2026 г.)*


## ОСНОВНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ГОРОДА КЫЗЫЛОРДА НА 2026–2028 ГОДЫ

Прогноз социально-экономического развития Кызылординской области на 2026–2028 годы (далее – Прогноз) разработан в соответствии с Правилами и сроками разработки прогноза социально-экономического развития, утвержденными приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 8 января 2015 года № 9.

Показатели прогноза социально-экономического развития города Кызылорда на 2026–2028 годы разработаны с учётом стратегических и программных документов, ежегодного Послания Главы государства народу Казахстана, а также основных направлений развития региона.

| Показатели | 2025 ж. оценка | Прогноз | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2026 г. | 2027 г. | 2028 г. |
| Объем промышленной продукции, % к предыдущему году | 95,0 | 92,0 | 92,1 | 93,2 |
| Объем горнодобывающей продукции и разработки карьеров, % к предыдущему году | 81,0 | 85,9 | 84,3 | 83,0 |
| Объем обрабатывающей продукции, % к предыдущему году | 109,3 | 109,7 | 110,0 | 110,1 |

**Оценка 2025 г.**




Объем промышленной продукции % к предыдущему году
Объем горнодобывающей продукции разработки карьеров % к предыдущему году
Объем обрабатывающей продукции % к предыдущему году

## ОСНОВНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ГОРОДА НА 2026-2028 ГОДЫ

| Показатели | *2025 год оценка* | *2026 год* | *2027 год* | *2028 год* |
|---|---|---|---|---|
| | | *Прогноз* | | |
| Показатели социальной сферы | | | | |
| Число жителей, тыс. человек | 365,2 | 370,0 | 373,7 | 377,0 |
| Прожиточный минимум | 46 228 | 50 851 | 55 173 | 59563 |
| Месячный расчетный показатель, тенге | 3 932 | 4 325 | 4 693 | 5092 |

## ПОСТУПЛЕНИЕ И РАСХОДЫ БЮДЖЕТА ГОРОДА

### ДОХОДЫ

Прогноз поступлений городского бюджета на 2026-2028 годы прогнозирован в соответствии с методикой прогнозирования поступлений бюджета, макроэкономических показателей прогноза социально-экономического развития города, Налоговому и Бюджетному кодексам Республики Казахстан и иным нормативно правовым актам.

Наибольший объем налоговых поступлений составляет индивидуальный подоходный налог с доходов, облагаемых у источника выплаты, социальный налог и корпоративный подоходный налог.

На трехлетний период взаимоотношения между городским и вышестоящим бюджетом прогнозированы исходя из норматива распределения по индивидуальному подоходному налогу с доходов, облагаемых у источника выплаты и социальному налогу.

Поступление в городской бюджет по индивидуальному подоходномуналогу определено в размере 100,0 процентов, по социальному налогу 0процентов,соответственно в областной бюджет 100,0 процентов.

При прогнозировании доходов городского бюджета на 2026-2028 годы учитывалось исполнение доходов бюджета в 2025 году, оценка ожидаемого прогноза в связи с фактическими поступлениями на 2026 года и данные уполномоченных органов. Доходы городского бюджета на 2026-2028 годы (без учета трансфертов) устанавливаются в следующих объемах:

на 2026 год –146434 612,5 тыс. тенге;
на 2027 год –66962 487 тыс. тенге;
на 2028 год – 70 684 185 тыс. тенге.

## ОСНОВНЫЕ ПАРАМЕТРЫ ГОРОДСКОГО БЮДЖЕТА НА 2026-2028 ГОДЫ

*тыс. тенге*

| Наименование | 2026 год | 2027 год | 2028 год |
|---|---|---|---|
| **1. Доходы, в том числе:** | **149 654 593,2** | **78 357 004,0** | **70 684 185,0** |
| Налоговые поступления | 60 816 639,0 | 66 241 958,0 | 68 965 956,0 |
| Неналоговые поступления | 689 500,0 | 720 529,0 | 763 498,0 |
| Поступления от продажи основного капитала | 9 150 574,0 | 11 394 517,0 | 954 731,0 |
| Поступления трансфертов, в том числе: | 83 291 582,6 | | |
| **2. Расходы** | **200 970 455,3** | **66 560 063,0** | **69 566 187,0** |
| **3. Чистое бюджетное кредитование** | **-1 254 519,0** | **0** | **0** |
| Бюджетные кредиты | 259 500,0 | **0** | **0** |
| **Погашение бюджетных кредитов** | 1 514 019,0 | **0** | **0** |
| **4. Сальдо по операциям с финансовыми активами** | **-** | **0** | **0** |
| Приобретение финансовых активов | - | **0** | **0** |
| Поступления от продажи финансовых активов государства | - | **0** | **0** |
| **5. Дефицит (профицит) бюджета** | -45 767 640,7 | **0** | **0** |
| **6. Финансирование дефицита (профицита) бюджета** | 45 767 640,7 | **0** | **0** |
| Поступления займов | 70 184 241,0 | **0** | **0** |
| Погашение займов | 24 866 727,5 | **0** | **0** |
| **Используемые остатки бюджетных средств** | **450 127,2** | **0** | **0** |

## РАСХОДЫ ГОРОДСКОГО БЮДЖЕТА

Проект городского бюджета на 2026-2028 годы направлен на продолжение Послания Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «экономический ориентир справедливого Казахстана» и плана экономического развития города Кызылорда и реализацию национальных проектов, утвержденных Указом Президента Республики Казахстан «Об утверждении национальных проектов».

| р/ч | Наименование | 2026 год | 2027 год | 2028 год |
|---|---|---|---|---|
| | **Расходы** | **205 361790,2** | **66 560 063,0** | **69 566 187,0** |
| 1 | Государственные услуги общего характера | 8 198 310,9 | 1 450 425,0 | 1 464 778,0 |
| 2 | Оборона | 41 562,1 | 31 307,0 | 31 401,00 |
| 3 | Общественный порядок, безопасность, правовая, судебная, уголовно-исполнительная деятельность | 263 081,0 | 270 081,0 | 281 650,0 |
| 4 | Социальная помощь и социальное обеспечение | 8 758 765,0 | 6 639 346,0 | 6 919 273,0 |
| 5 | Жилищно-коммунальное хозяйство | 131 548 238,6 | 4 942 287,0 | 5 180 334,0 |
| 6 | Культура, спорт, туризм и информационное пространство | 2 020 173,7 | 1 715 585,0 | 1 742 273,0 |
| 7 | Топливно-энергетический комплекс и недропользование | 1 153 329,3 | 0,0 | 0,0 |
| 8 | Сельское, водное, лесное, рыбное хозяйство, особо охраняемые природные территории, охрана окружающей среды и животного мира, земельные отношения | 236 351,7 | 226 037,0 | 231 677,0 |
| 9 | Промышленность, архитектурная, градостроительная и строительная деятельность | 325 330,9 | 173 574,0 | 175 716,0 |
| 10 | Транспорт и коммуникации | 23 102 717,1 | 5 026 126,0 | 5 262 328,0 |
| 11 | Прочие | 2 237 474,8 | 1 366 753,0 | 1 423 584,0 |
| 12 | Обслуживание долга | 3 335 049,9 | 378 653,0 | 340 530,0 |
| 13 | Трансферты | 24 141 405,2 | 44 339 889,0 | 46 512 643,0 |
| 14 | Погашение займов | 24 868 427,4 | 13 299 668,0 | 2 277 613,0 |

В расходы городского бюджета включеныцелевые трансферты выделенные из областного и республиканского бюджетов.

Целевые трансферты подразделяются на целевыетекущие трансферты и целевые трансферты на развитие.

**Целевые текущие трансферты.** В пределах сумм, утвержденных в республиканском или областном бюджетах в период действия трехлетнего объема трансфертов общего характера: нижестоящих бюджетов, приводящих к увеличению расходов и (или) уменьшению доходов местных бюджетов, вытекающих из принятия законодательных актов, актов Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан, представительных и исполнительных органов области на возмещение затрат.

Сумма целевых текущих трансфертов на 2026 год –52 990 845,5тыс. тенге.

**Целевыми трансфертами на развитие –** являются трансферты, передаваемые вышестоящими бюджетами в нижестоящие в пределах сумм, утвержденных в республиканском или областном бюджете, для реализации местных бюджетных программ развития.

Сумма целевых трансфертов на развитие на 2026 год – 28 000 728,2 тыс. тенге.

### СОЦИАЛЬНАЯ СФЕРА

**Расходы на социальную сферу включают в себя 2 функциональные группы:**


1. *Социальная помощь и социальное обеспечение*
2. *Культура, спорт, туризм и информационное пространство*

В социальной сфере основным приоритетом является выполнение всех ранее принятых социальных обязательств, направленных на повышение благосостояния граждан.

В целях развития социальной инфраструктуры со стороны государства оказывается всесторонняя помощь. Ведется строительство школ, дошкольныхучереждений образования, спортивных площадок, домов культуры.

**ПРЕДУСМОТРЕННЫЕ СРЕДСТВА НА 2026 ГОД**

млн. тенге




Социальная помощь и социальное обеспечение
Культура, спорт, туризм и информационное пространство




**Расходы на реализацию мероприятий в сфере социальной помощи и социального обеспечения**

Основным приоритетом социальной сферы является выполнение всех социальных обязательств государства, направленных на улучшение благосостояния граждан региона.

тыс.тенге

| Наименование | 2026 год | 2027 год | 2028 год |
|---|---|---|---|
| **Всего расходы:** | **8 820 926,7** | **6 688 861,0** | **6 969 328,0** |
| Социальное обеспечение | 2 578 047,0 | 496 581,0 | 521 410,0 |
| Социальная помощь | 3 819 047,6 | 3 850 042,0 | 4 016 740,0 |
| Прочие услуги в области социальной помощи и социального обеспечения | 2 423 832,1 | 2 342 238,0 | 2 431 178,0 |



**Расходы на реализацию мероприятий в сфере культуры, спорта, туризма и информационного пространства**

тыс. тенге

| Наименование | 2026 год | 2027 год | 2028 год |
|---|---|---|---|
| **Всего расходы:** | **1 823 174,0** | **1 715 585,0** | **1 742 273,0** |
| Расходы на культуру, спорт и информационное пространство, всего: | 693 071,0 | 668 427,0 | 675 946,0 |
| Деятельность в области культуры | 350 428,0 | 347 258,0 | 353 829,0 |
| Спорт | 472 374,0 | 472 588,0 | 483 488,0 |
| Информационное пространство | 307 301,0 | 227 312,0 | 229 010,0 |


**РАСХОДЫ НА КОММУНАЛЬНОЕ ХОЗЯЙСТВО И СТРОИТЕЛЬСТВО**

1. Жилищное-коммунальное хозяйство
2. Транспорт и коммуникация
3. Строительство

млн. тенге




Жилищное-коммунальное хозяйство ■ Транспорт и коммуникация □ Строительство



**Расходы на реализацию мероприятий в сфере жилищно-коммунального хозяйства,транспорт и коммуникации**

тыс.тенге

| Наименование | 2026 год | 2027 год | 2028 год |
|---|---|---|---|
| **Всего расходы:** | **40 157 733,0** | **10 419 220,0** | **10 904 899,0** |
| Жилищно-коммунальное хозяйство | 18 051 761,6 | 5 393 094,0 | 5 642 571,0 |
| Транспорт и коммуникация | 22 105 971,4 | 5 026 126,0 | 5 262 328,0 |



**Расходы на реализацию мероприятий в сфере строительства**

тыс. тенге

| Наименование | 2026 год | 2027 год | 2028 год |
|---|---|---|---|
| **Всего расходы:** | **117 571 700,8** | **173 574,0** | **175 716,0** |
| Строительство | 117 571 700,8 | 173 574,0 | 175 716,0 |

# ЕЛ АЛДЫНДАҒЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БЕТПЕРДЕЛЕРІ АШЫЛАДЫ...

Жұлдызың айтады...

***«БАЙСЕМІЗ LIVE» YouTube арнасында журналист Жанар Байсеміздің Ақгүл ханыммен сұхбаты жарияланды. Әңгіме барысында Қазақстанның болашағы, елдегі ықтимал әлеуметтік-саяси өзгерістер, ашаршылық қаупі, табиғи құбылыстар, Каспий теңізінің тартылуы, жер сілкінісі және қоғамдағы өзге де мәселелер қозғалған. Сұхбат беруші алдағы кезеңге қатысты өз болжамдары мен пікірлерін ортаға салған. Басылым оқырмандарына сұхбаттан елге, ел алдындағы тұлғаларға қатысты айтылған үзінділерін жазбаша нұсқада ұсынып отырмыз. Әркім өзіне керегін алар. Ақгүлдің бар айтқанын дұрыс деп, келісе бермейміз. Алайда ой салар тұстары бар...***

**Журналист: Қазақстанның болашағына қатысты не айта аласыз?**

- Қазақстанда ашаршылық келе жатыр. Тарихқа көз жүгіртсек, бұрын болған ашаршылық та бірден басталған жоқ. Ол өте мұқият, әрі саналы түрде ұйымдастырылды. Сол кезде де жағдай дәл осылай болған. Алдымен құдалау басталып, халықтың қолындағы бүкіл дәнді дақылдар тартып алынды. Соның салдарынан халық қырылды.

**Журналист: Өркениетті заманда да сондай жағдай орын алуы мүмкін бе?**

- Әрине, мүмкін. Жасанды интеллект тәнімізге, санамызға еніп кеткен, қайсысы өтірік, қайсысы шын екенін ажырата алмайтын заманда мұндай жағдайдың орын алуы ықтимал. Әсіресе, Оңтүстік Қазақстанға тиесілі аймақтарда дәнді дақылдардың шығу ықтималдығы азайып кетеді. Қазірдің өзінде жағдай мәз емес. Қуаңшылық. Батыс Қазақстанда да жағдай тұрақты болмайды. Себебі Батыста пайдалы қазбалар бар.

Мұның бәрі бір күнде болмайды, біртіндеп жүзеге асады. Қазірдің өзінде адамдар азық-түлікті «Каспий ред» арқылы алып жатыр. Бұл ашаршылықтың бастауы емей немене? Мұның бәрі алдын ала ойластырылып, жоспарланып, ұқыпты түрде жасалады. Біз қазір жеп отырған көкөністердің өзінен олардың шын мәнінде табиғи, немесе табиғи емес екенін ажырата алмайтын халдеміз.

Айналаға қарасаңыз, дүкендер толып тұр, мейрамханалардың мәзірлері де алуан түрлі. Сондықтан аштықтың ауылы алыс сияқты көрінуі мүмкін. Кезінде де қора толы мал, үйде жал-жая, қазы-қарта дастарханда мол, ішерге ағарғанның түр-түрі болды. Сол кезде бір күні тышқан жейміз деп ойлады ма? Жоқ, ойлаған жоқ.

Қазақстан дамиды. Біз қазір армандап отырған спорт саласында үлкен жетістіктер болады. Ғылым, инженерлік ғылым дамиды. Робототехника да қарыштап дамиды. Алайда таразының бір жағында осы салалардың дамуы тұрғанымен, ел алдында күрделі кезең туындағанда олардың қандай пайдасы бар деген сұрақ та туындауы мүмкін.



Депутаттарға, әкімдерге қатысты өзгерістер онсызда жиі болады ғой. Өйткені, бұл — алдын ала сызылып қойылған система ғой. Билікте бұдан өзге өзгеріс болады.

**Журналист: Бұл халыққа зиян тигізуі мүмкін бе?**

- Керісінше, халыққа жақсы жағынан әсер етуі мүмкін. Жағасы ақ, адал сүт емген адам келе жатыр. Дәл осы нәубеттен халықты алып шыға алады деген үміт бар. Ол кісінің бойында да, ойында да тазалық болады. Бала секілді пәк, бойында тазалығы бар адам.

Атырауда билікте үлкен өзгерістер болады. Әкімдер өзгереді. Өткенде Қызылорданың әкімі өзгереді деп айтқанымда, осы болжамыммен бөліскен едім. Дәл солай болды. Басында мүмкін болар ма екен деген оймен, жайлап бөлістім. Өйткені мен де пендемін. Пенде болған соң әлсіздігім де, қателігім де болуы мүмкін.

Ақтауда жер сілкінісі байқалады. Каспий тартылады, өте қатты тартылады. Мен қазір осы болжамыммен бөліссем, маған қарсы шығады. Каспий тартылса, қайта толуы үшін түрлі әдістер жасалып жатыр ғой. Каспийдің тартылатынын анық айта аламын. Бұл белгілі бір құпияның ашылуына да әкелуі мүмкін. Ол су әлеміне тиесілі емес. Мұның алдын алуға бола ма, болмай ма, білмеймін. Каспийде құпия көп. Каспийдің тартылуына қатысты, оның кімдерге тиесілі екені жөнінде құпия ашылады. Кезінде Аралдың тартылатынына да сенген жоқпыз.

Алматыда жер сілкінісі болатынын алдын ала айтқан болатынмын. Сенің кесірің, сенің кінәң деп халық маған реніштерін жеткізді. Менің айтуым керек... Ақтауда болатын жер сілкінісі туралы айтқан жоқпын. Себебі жер сілкінісі тек таулы мекендерде ғана болады деген түсінік бар. Алматыда бұрынғы баллмен салыстырғанда күштірек жер сілкінісі және әдеттегідей сілкіністер болады.

Мен осыларды айтсам, халықтың санасы, білімі, ойы мен түсінігі бұған дайын емес. Мен кейде билікті түсінемін. Теңгенің құлдырап жатқанын алдын ала айтпайды. Себебі халық ондай ақпаратты қабылдауға дайын емес, Жанар ханым. «Сен бай боласың, ақшаң көп болады» деген ұғымға ғана мәз.

**Журналист: Дегенмен, алапат жер сілкінісі болмай ма?**

- Сәл-сәл...

**Журналист: Бұған дейінгі подкастта бір қонағымыз ел алдында жүрген адамдардың көріпкелдермен тығыз байланыста екенін айтқан болатын. Сіз бұған не дейсіз?**

- Қазір ел алдында жүрген көптеген адамның жеке көріпкелі, энергия тартушысы, энергия жаңартушысы бар. Бастықтардың да сондай адамдары бар. Олардың осындай нәрселерге жүгінетіні ақиқат. Сырттай қарасаңыз, білімді адамдар болып көрінеді. Мен мұны көріп жүрмін.

Қайырымдылықпен айналысып, «елім» деп, үй салып немесе денсаулығына байланысты қайырымдылық қорларын ашқан адамдардың да құпиялары ашылады. Көп дуакештер мен сиқыршылар үшін күрделі кезең болады. Ел алдында жүрген адамдардың біразының бетпердесі ашылады.

**Журналист: Сіз ол адамдардың кім екенін де білесіз ғой?**

- Иә, менің алдыма көптеген жұлдыздар келді. Олар алдағысын білгісі келеді, бірақ мен олардың ойларын білемін. Әрі қарай қазбаламаймын. Дегенмен, олардың әрекеттерін білемін, көріп жүрмін.

**Журналист: Демек, сіздің айтып отырғаныңыз олардың заңсыз әрекеттері әшкереленеді деген сөз ғой, иә?**

- Заңсыз әрекеттерін заңды етіп көрсетуге тырысқан жағдайлар да бар. Біраз дүниелер ашылады. Әсек әңгімеге ұластырғым келіп тұрған жоқ.

**Журналист: Қалай ойлайсыз, бір адамға ашуланса да, эмоциямен сөйлеп, тоқтамайтындар болады. Олар ішіндегі ашуын дуалау секілді әрекеттер арқылы білдіре ме? Өзіңіз айтып жатырсыз ғой, екі-бес миллион теңге ұсынады деп. Дуалауға баратын адамдардың жүрегінде не болуы мүмкін?**

- Қателесесіз, ол кісілер эмоциямен бармайды. Ойланып келеді. Олар есік алдында жүрген адамдар емес. Білесіз бе, әр адамның өмірге келгенде кармалық сабағы болады. Мысалы, менің кармалық сабағым - ақшаға құнықпау. Егер мен ақшаға құнықсам, қатты байып кететін шығармын. Әр адамнан екі-бес миллион теңгеден алып, дуалап отырсам, жағдайым басқаша болар еді. Бірақ бұл жерде кармалық сабағым - ақ, адал ниетімнен айнымау. Ол адамдар да өзіңіз сияқты қарапайым адамдар. Олармен араласып, шай ішуіңіз де мүмкін.

**Журналист: Өзіңіз айтқандай, жұлдыз адамдар келеді дедіңіз. Оларға көргеніңізді айтасыз ба?**

- Айтамын. Бірақ айтып тұрсам да, айтқанымды істемейтіндері бар. Білесіз бе, дуалаушы адамның жүрегінде жеке көреалмаушылық, кек алу, зұлымдық болады. Кейде еріккеннен келетіндер де бар. Маған жазатындар көп. Бірақ, мен көп нәрсені көргеніммен, дуа жасауға бармаймын. Себебі дуалау деген дүниені айтқан сайын менің энергиям төмендейді.

## *"Ақшамның" асханасы*

# МАЙДЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

***Май – адам ағзасына қажетті негізгі қоректік заттардың бірі. Ол ағзаны энергиямен қамтамасыз етеді, жасушалардың қалыпты жұмыс істеуіне көмектеседі, дәрумендердің сіңуіне және дене температурасын сақтауға қатысады. Алайда майдың барлық түрі бірдей пайдалы емес. Сондықтан күнделікті тағам дайындауда майды дұрыс таңдау маңызды. Қазіргі кезде дүкендерде сатылатын көдімгі «шемішке майы», яғни күнбағыс майы туралы көп сұрақ туындайды. Біреулер оны зиян дейді, енді біреулер күнделікті қолдануға болады дейді. Ғылыми тұрғыдан қарасақ, күнбағыс майының өзі зиянды өнім емес. Бірақ оның қандай түрін таңдайтынымыз және қалай пайдаланатынымыз өте маңызды.***

**Зәйтүн майы** - құрамында бір қанықпаған май қышқылдары көп. Салатқа, көкөніс тағамдарына және баяу қуыруға қолайлы.

**Күнбағыс майы** - Е дәруменіне және қанықпаған май қышқылдарына бай. Қуыруға, пісіруге және салатқа қолдануға болады.

**Рапс майы** - қанықпаған майы аз, құрамында омега-3 және омега-6 май қышқылдары бар. Қуыру мен пісіруге жарамды.

**Жүгері майы** - құрамында Е дәрумені мен полиқанықпаған май қышқылдары бар. Қуыруға және тағам әзірлеуге пайдаланылады.

**Зығыр майы** - өсімдік тектес омега-3 май қышқылдарына бай. Салатқа қосуға болады, бірақ жоғары температурада қыздыруға жарамайды.

**Кокос майы** - құрамында қанықкан май мөлшері жоғары. Оны күнделікті негізгі май ретінде қолдану ұсынылмайды.

**Сары май** - құрамында А дәрумені бар, бірақ қанықкан майы көп. Мөлшермен пайдаланған дұрыс.

## ПАЙДАЛЫ МАЙДЫ ҚАЛАЙ ТАҢДАЙМЫЗ?

- Құрамындағы қанықкан май мөлшерін тексеріңіз.
- Өсімдік майларының сапасы мен өндіру тәсіліне мән беріңіз.
- Майдың жарамдылық мерзімін қараңыз.
- Майды қайта-қайта қыздырып пайдаланбаңыз.
- Майды күн сәулесі түспейтін салқын жерде сақтаңыз.

## ҚАНДАЙ МАЙДЫ АЗ ҚОЛДАНҒАН ЖӨН?

- Пальма майы.
- Кокос майы.
- Сары май.
- Қатты маргарин және трансмайы бар өнімдер.

## ТАҒАМ ДАЙЫНДАУҒА ҚАЙ МАЙ ПАЙДАЛЫ?

Салаттарға - зәйтүн, зығыр майы

Көкөніс қуыруға - зәйтүн, рапс майы

Ет қуыруға - рапс, жоғары олеин қышқылды күнбағыс майы

Балық дайындауға - зәйтүн, рапс майы

Нан-тоқаш пісіруге - күнбағыс, рапс майы

Ботқаға қосуға - аз мөлшерде сары май

Қуыруға және пісіруге – жоғары олеин қышқылды сафлор майы

Қуыруға қолайлы нұсқа – жоғары олеинді күнбағыс майы

Дәм беру үшін аз мөлшерде – гхи майы

**Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жалпы май тұтынуды тәуліктік энергияның 30 пайызынан асырмауды, ал қанықкан майды 10 пайыздан төмен ұстауды ұсынады. Адам денсаулығы үшін майдың түрін дұрыс таңдау өте маңызды. Күнделікті тағамда зәйтүн, рапс және күнбағыс сияқты қанықпаған май қышқылдарына бай өсімдік майларын таңдаған дұрыс. Ал сары май, кокос және пальма майларын шектеулі мөлшерде қолдану ұсынылады. Қазір көпшілік күнделікті тағам түрлеріне сафлор және гхи майларын қолданады.**



## САФЛОР МАЙЫ (МАҚСАРЫ МАЙЫ)

**Сафлор майы** – мақсары өсімдігінің тұқымынан алынатын өсімдік майы. Құрамында қанықпаған май қышқылдары мол.

**Пайдалы қасиеттері:**


- Құрамында омега-6 май қышқылдары бар.
- Е дәруменінің көзі болып табылады.
- Қанықкан май мөлшері салыстырмалы түрде төмен.
- Құрамындағы линол қышқылы қандағы LDL («жаман») холестеринді азайтуға көмектесуі мүмкін, әсіресе қанықкан майлардың орнына қолданылса.

**ҚАНДАЙ ТАҒАМҒА ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ?**

- Көкөніс салаттарына.
- Ет және балық тағамдарына.
- Қуыруға (жоғары олеинді түрі қолайлы).
- Көкөністерді бұқтыруға.
- Маңызды ерекшелігі: сафлор майының екі түрі кездеседі:
  - Линол қышқылына бай түрі – салатқа және суық тағамдарға жақсы.
  - Олеин қышқылына бай түрі – қыздыруға және қуыруға төзімдірек.

## ГХИ МАЙЫ

**Гхи –** сары майды баяу қыздырып, құрамындағы суды және сүттің қатты бөлшектерін бөліп алу арқылы дайындалатын тазартылған май. Үнді және Оңтүстік Азия асханасында кеңінен қолданылады.



**Ерекшеліктері:**

- Құрамында майда еритін А, Е және К дәрумендерінің аздаған мөлшері болуы мүмкін.
- Сүттің қатты бөлшектері алынғандықтан, лактоза мен сүт ақуызы өте аз мөлшерде қалады.
- Жоғары температурада пісіруге және қуыруға жарамды.
- Өзіне тән хош иісі бар.

**ҚАНДАЙ ТАҒАМҒА ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ?**

- Ет қуыруға.
- Палау дайындауға.
- Ботқаға қосуға.
- Көкөніс қуыруға.
- Нан-тоқаш өнімдерін әзірлеуге.

Тамақ жасауға арналған өсімдік майының пайдалы да, зиянды да жақтары бар. Оның әсері майдың түріне, сапасына, мөлшеріне және қалай пайдаланылатынына байланысты.

### 1. Өсімдік майының пайдалы жақтары

Жүрекке пайдалы: зәйтүн, күнбағыс, рапс майларындағы қанықпаған май қышқылдары қанықкан майларды алмастырғанда қандағы зиянды LDL холестеринін төмендетуге көмектеседі.

Ағзаға қуат береді: майлар энергияның маңызды көзі.

Дәрумендердің сіңуіне көмектеседі: A, D, E, K дәрумендері маймен бірге жақсы сіңеді.

Жасушаларға қажет: май қышқылдары жасуша қабықшасының қалыпты жұмысына қатысады.

Е дәрумені бар: күнбағыс майында Е дәрумені едәуір мөлшерде кездеседі.

### 2. Өсімдік майының зиянды жақтары

Артық қолдану: калориясы жоғары, шамадан тыс тұтыну салмақ қосуға ықпал етеді.

Қатты қыздыру: майды түтіндегенше қыздырғанда зиянды қосылыстар түзілуі мүмкін.

Қайта-қайта пайдалану: бірнеше рет қуырылған майдың сапасы нашарлап, тотығу өнімдері көбейеді.

Сапасыз май: сақтау мерзімі өткен немесе дұрыс сақталмаған майдың құрамы бұзылуы мүмкін.

Трансмайлар: ішінара гидрогенделген майлар жүрек-қан тамырлары ауруларының қаупін арттырады.

## ҚАЙ КЕЗДЕ ЗИЯНДЫ БОЛУЫ МҮМКІН?

**• Майды қайта-қайта қыздырып қолданғанда оның құрамында тотығу өнімдері көбейеді.**
**• Майды қатты қыздырып, түтін шыққанша пайдаланғанда сапасы бұзылады.**
**• Қуыруға пайдаланылған майды бірнеше күн сақтап, қайта қолдану зиянды қосылыстардың жиналуына әкелуі мүмкін.**
**• Майды шамадан тыс тұтыну артық калория алуға ықпал етеді.**
**• Зерттеулерде бірнеше рет қыздырылған күнбағыс майының құрамында тотығу өнімдері мен кейбір трансмайлардың көбейетіні байқалған.**
**• Қуыру кезінде майдың түтіндеуіне жол бермеңіз.**
**• Қара түске айналған, иісі өзгерген майды пайдаланбаңыз.**
**• Қуырылған тағамдарды күнделікті шамадан тыс тұтынбаңыз.**
**• Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қанықкан майды тәуліктік энергияның 10%-ынан, трансмайды 1%-ынан төмен ұстауды ұсынады.**